



NAZARBAYEV  
UNIVERSITY

**2018–2030**  
**ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН**  
**СТРАТЕГИЯ**



«Назарбаев Университеті»

дербес білім беру үйымы

Жоғары қамқоршылық кеңесінің

2018 жылғы «01» желтоқсандағы №6 шешімімен

Бекітілген

2018–2030

ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН

СТРАТЕГИЯ

НАЗАРБАЕВ УНИВЕРСИТЕТІ





## АЛФЫ СӘЗ

Астанада әлемдік деңгейдегі университет ашу елордамызды табысты өркендетіп, еліміздің ғылым-білім әлеуетін тиімді дамыту жолындағы маңызды міндеттің бірі болды.

Сегіз жыл бұрын Назарбаев Университеті Қазақстанның ең талантты әрі дарынды 500 студентіне есігін айқара ашты. Осы жылдар ішінде бұл оқу орны әлемнің жетекші университеттерімен тең дәрежеде бәсекеге түсे алатын отандық жоғары білім беру жүйесінің жаңа флагманын құру жөніндегі көптен арман еткен ойымның жүзеге асуының нақты көрінісіне айналды.

Мұндай табысқа мындаған жанының қажырлы еңбегінің арқасында қол жеткіздік. Тұнғыш рет посткенестік кеңістіктегі жоғары оқу орнының академиялық дербестігін бекіткен Университет туралы заң қабылданды. Мемлекет студенттердің білім алуды, ғылыми және қоғамдық жұмыстармен айналысусы үшін дамыған инфрақұрылымы бар заманауи кампус салуға қаржылай қолдау көрсетті.

Университет осы жылдарда өркен жайып, едәуір дамыды. Мұнда әлемдегі серіктес жоғары оқу орындарымен бірлесіп әзірлеген 50 академиялық бағдарлама бойынша бес мыңға жуық студент білім алуда.

Бұгінде оқу орнының түлектері өз компанияларын құрып, ел экономикасының түрлі салаларын дамытуға үлестерін қосып жүр. Сондай-ақ, олардың бірқатары әлемнің үздік университеттерінде білім алуды одан әрі жалғастыруда.

Университеттің оқытушы-профессорлар құрамы ерекше құрметке лайық. Олардың қатарында әлемнің елуден астам елінен келген оқытушы-зерттеушілер бар.

Назарбаев Университеті алғашқы күннен бастап мыңты ғылыми-зерттеу инфрақұрылымы бар әлемдік деңгейдегі университеті ретінде дамып келеді.

Университет жаңынан «Astana Business Campus» инновациялық кластері құрылуда. Соның аясында профессорлар мен студенттер өздерінің ғылыми жетістіктерін коммерцияландырып, бизнеспен ынтымақтастық орнатуға мүмкіндік алады.

Университетті дамытудың 2030 жылға дейінгі жаңа стратегиясы білім ордасының алдына өршіл міндеттер қойып отыр. Олардың табысты іске асырылуы оқу орнына әлемдегі жетекші зерттеу университеттерінің қатарына қосылуға мүмкіндік береді.

Институционалды аккредитация нәтижесінде Назарбаев Университеті халықаралық деңгейде ілгерілеуге септігін тигізетін жоғары оқу орындарының негізгі рейтингіне кіреді. Сонымен қатар, 2025 жылға қарай студенттер санын 8 мыңға дейін көбейту жоспарланып отыр. Олардың 10 пайызы шетелдік студенттер болмақ.

Көзделген шаралар еліміздің әлемдік білім кеңістігіндегі орнын едәуір жақсартып, жаһандық бәсекеге қабілеттілігімізді арттыруға септігін тигізеді.

Біздің Университетіміз белгіленген міндеттердің бәрін игере алатынына және алдағы кезеңде ауқымды әрі айтулы жетістіктерге қол жеткізетініне сенімдімін.

Баршаңызға табыс пен сәттілік тілеймін!



Нұрсұлтан Назарбаев  
Жоғары Қамқоршылық кеңесінің Төрағасы

## АЛҒЫС

Бұл стратегияны әзірлеуге көптеген адамдар өз үлестерін қости.

Арай Саниязова мен Марина Кішкентаеваның қосқан үлесін атап өту қажет.

# МАЗМҰНЫ

<b>1. Кіріспе</b>	<b>10</b>
Назарбаев Университеті бүгінгі таңда	11
Тәуелсіз сыртқы бағалау (2017)	14
2018–2030 жылдарға арналған жаңа Стратегияны құру себебі	14
НУ Жоғары Қамқоршылық кеңесінің 2017 жылғы маусымдағы отырысында белгіленген міндеттер	14
<b>2. Бастапқы жетістіктер және сабактар</b>	<b>17</b>
Институционалдық жетістіктер	17
Студенттердің жетістіктері	18
Жоғары оқу орнынан кейінгі білім	18
НУ түлектерінің стартаптары	18
Жұмыспен қамту	19
Фылыми Зерттеулер мен инновациялар	19
НУ-дың алғашқы стратегиялық кезеңінің сабактары	21
<b>3. Ағымдағы бастамалар</b>	<b>22</b>
<b>4. Тұпмәтін – университеттердің болашағы</b>	<b>23</b>
<b>5. НУ-дың пайымдауы, миссиясы және стратегиялық мақсаттары</b>	<b>24</b>
НУ-дың құндылықтары	25
Стратегиялық мақсаттары	26
НУ-дың пайымдауының, миссиясының және стратегиялық мақсаттарының дамуы	26
Білім беру жүйесін реформалаудағы көшбасшылық	28
Академиялық және фылыми көшбасшылық	29
Денсаулық сақтаудың интеграцияланған академиялық жүйесі	30
Инновациялар және фылымды өндіріске енгізу	30
<b>6. НУ-дың болашағы</b>	<b>31</b>
2025 жылға қарай:	32
2030 жылға қарай:	32
<b>7. НУ-дың бөлімшелері арасында бірлік сезімін нығайту</b>	<b>33</b>
<b>8. Есептілік</b>	<b>33</b>
<b>9. Сын-тегеуріндер</b>	<b>34</b>
НУ-дың Стратегияны іске асырудың ағымдағы кезеңіндегі сын-тегеуріндері	34
<b>10. Ниеттерден нәтижелерге</b>	<b>41</b>

**A қосымшасы: НУ-дың SWOT талдауы****B қосымшасы: НУ-дың Стратегиялық бөлімшелерінің түйіндемесі**

Дайындық бағдарламалар орталығы (ДБО) .....	44
Гуманитарлық және әлеуметтік ғылымдар мектебі (ГӘФМ) .....	45
Инженерия мектебі (ИМ) .....	46
Тау -кен ісі және жер туралы ғылым мектебі (ТКІЖФМ) .....	47
Ғылым және технологиялар мектебі (FTM) .....	48
Жоғары білім беру мектебі (ЖББМ) .....	49
Жоғары бизнес мектебі (ЖБМ) .....	50
Жоғары мемлекеттік саясат мектебі (ЖМСМ) .....	50
Интеграцияланған академиялық денсаулық сақтау жүйесі және Медицина мектебі (ММ) .....	52
National Laboratory Astana (NLA) .....	53
Инновациялық кластер .....	54

**C қосымшасы: Еуропа университеттер көгамдастығының ұсынымдары**

Басқару және институционалдық шешім қабылдау бойынша .....	56
Сапа мәдениетінің мәселелері бойынша .....	56
Оқу және оқыту мәселелері бойынша .....	57
Зерттеу жүргізу мәселелері бойынша .....	57
Әлеуметтік жауапкершілік мәселелері бойынша .....	58

**D қосымшасы: Қазақстандық университеттердің келешегі**

I тарау: Жоғары білім берудегі ағымдағы өзгерістер .....	59
11 негізгі жоғары оку орындары: білім, ғылым және өнеркәсіп арасындағы байланысты құру .....	59
Зерттеу университеттері .....	59
Институционалдық дербестік .....	60
НУ-дың жоғары білімді дамытуға қосқан үлесі .....	60
II тарау. Қазақстандағы жоғары білімнің болашақтағы ортасы .....	61

**E қосымшасы: Джамиль Салмидің жіктеуі бойынша «тұзақтар»****F қосымшасы: Интернационалдандыру**

Интернационалдандыру көрінісі .....	65
Интернационалдандырудың басым бағыттары .....	65
2017 жылдан бері НУ интернационалдандыру бойынша атқарылған жұмыстар есебі .....	65

### **Кестелердің тізімі**

1-кесте. НУ мектептері (2018 жылғы күз)	12
2-кесте. НУ-дың стратегиялық әріптестері	13
3-кесте. НУ Жоғары қамқоршылық кеңесінің 2017 жылғы маусым айындағы отырысында белгіленген міндеттер және НУ-дың оларды іске асыру бойынша орындаған іс-шаралары	15
4-кесте. НУ стратегиялық мақсаттарының дамуы	26
5-кесте. НУ-дың мақсатты индикаторларына шолу: 2018–2024/25 жылдар және 2025–2030 жылдар	31

### **Суреттердің тізімі**

1-сурет. НУ-дың студенттер контингенті (2018 жылғы 30 қыркүйектегі жағдай бойынша)	11
2-сурет. НУ ОПҚ-ның контингенті (2018 жылғы 30 қыркүйектегі жағдай бойынша)	12
3-сурет. НУ түлектерінің құрған стартаптарының мысалдары	19
4-сурет. НУ-дың 2011–2018 жылдағаралығындағы ғылыми-зерттеу қызметінің нәтижелері	19
5-сурет. НУ-дың 2012–2018 жылдар аралығындағы ғылыми-зерттеу қызметінің нәтижелері: дәйексөз алудың орташа шамаланған индексі және халықаралық әріптестік	20
6-сурет. Зерттеудің ықтимал бағыттары	25
7-сурет. Тұжырымдамалық көрнекілік: НУ-дың басқа қазақстандық университеттермен, сондай-ақ өнірлік (яғни Орта Азиялық) университеттермен өзара байланысы.	29
8-сурет. НУ инновацияларының экожүйесі	30



NAZARBAYEV  
UNIVERSITY

## ҚАЗАҚСТАННЫҢ БОЛАШАҒЫН ҚҰРУДА: ӘР ТҮЛЕККЕ ЕРЕКШЕ ҮҢҒАЙ ТАНЫТУ

### 1. КІРІСПЕ

Қазақстан 1991 жылғы 16 желтоқсанда өз тәуелсіздігін алған сәтінен бастап Президент Н. Ә. Назарбаевтың басшылығымен жоғары білім беру саласында 1993 жылы құрылған «Болашақ» стипендиялық бағдарламасынан бастап көптеген батыл жобалар енгізді, ол бойынша Қазақстанның 12 000 астам дарынды жастары әлемнің жетекші университеттеріне окуға жіберілді.

2006 жылы Президент Н. Ә. Назарбаев және Үкімет жоғары білім берудің ұлттық бағдарламасын жаңғыртудың кідіріссіз қажеттілігін зерделей отырып, үкіметке еліміздің жаңа елордасы Астанада ағылшын тілінде оқытатын әлемдік санаттағы университет құруды тапсырды.

Осылайша Назарбаев Университеті (НУ) тұжырымдамасы пайда болды. Қазақстанның Президенті үшін Назарбаев Университеті басқа білім беру жобасына қарағанда анағұрлым маңызды болды. 2009 жылдың қыркүйек айында оның құрылғандығы туралы жариялай отырып, «Жаңа университетті ашу – мемлекетіміздің дамуына, көптеген қазақстандықтар үшін ғаламдық жүйе құруға ықпал ететін... маңызды ұлттық жоба. Астананың жаңа университеті ең үздік әлемдік білім беру моделі мен ғылыми практикаға пара-пар, қазақстандық өзіндік ерекшелікті үйлестіре байланыстыратын ұлттық брэнд ретінде құрылуы тиіс деп есептеймін» деп ерекше атап өтті. Бұл мәлімдеменің элементтері Президенттің НУ-ға байланысты үмітінің айқын бейнесін береді: жоғары халықаралық стандарттарға ұмтылған қазақстандық жоғары оқу орны; болашақта әлем мен елді дамытудың көшбасшысы болып табылады.

2018 жылдың тамыз айына қарай НУ-да төртінші оқу бітіру рәсімі өтті, жалпы алғанда 2617 түлек оқуларын бітіріп шықты, оның ішінде 1814 бакалавр, 803 магистр және PhD докторанттары бар. Университеттің өзінің екінші онжылдығына жететін күні алыс емес; бірінші Стратегияда<sup>1</sup> (2013–2020 жылдар) көзделген кезең аяқталуда. Дәл қазір Университеттің жүргіп өткен жолына басқа қырынан қарап, оның болашағы туралы ойлау маңызды. Ұсынылған Стратегия НУ қызметінің басым бағыттары ретінде зерттеулер мен инновацияларды, әсіресе, бірақ онымен ғана шектелмей, STEM-пәндерді (жаратылыстану ғылымдары, технология, инженерия және математика) ерекшелейтін маңызды тақырыптар мен болашақ мәселесіне шоғырланған.

НУ осы Стратегияны НУ-дың Жоғары Қамқоршылық кеңесі бекіткен соң оны іске асыру бойынша егжей-тегжейлі жоспар мен бағдарламаны әзірлейді.

Университет әлі де өзінің даму процесінде болса да, алғашқы маңызды кезеңінен өтті және 2010 жылдың маусым айында ресми түрде есіргі ашылған сәтінен бастап елеулі жетістіктерге ие болды.

## НАЗАРБАЕВ УНИВЕРСИТЕТІ БҮГІНГІ ТАНДА

Бүгінгі танды НУ-да гендерлік теңгерімі дерлік жетілген 4800 студент (дайындық бағдарламасының 757 тындаушысы, 2962 бакалавр, 894 магистрант, 128 PhD докторанттары және 95 медицина докторы) білім алуша (1-суретті қараңыз).




1-сурет. НУ-дың студенттер контингенті (2018 жылғы 30 қыркүйектегі жағдай бойынша)

НУ-дың оқытушы-профессорлар құрамы (бұдан әрі – ОПК) контингенті 470 астам оқытушының қамтиды, 400-ден астам ОПК және NLA ғылыми қызметкерлері ғылыми-зерттеу қызметімен айналысады. 2018 жылдың 30 қыркүйек айындағы жағдай бойынша НУ ОПК-ның халықаралық құрамы әлемнің 55 елінің өкілдерінен құралған (2-суретті қараңыз)

<sup>1</sup> НУ-дың 2020 жылға дейінгі стратегиясы – nu.edu.kz веб сайтында берілген

**470**

ОПҚ және ғылыми қызметкерлер



\*Нұсқаушылардың көпшілігі CPS-та сабак береді (Дайындық мектебінде) (шамамен ОПҚ жалпы санынан 20%)



75%  
Халықаралық кадрлар



55 елден



Барлық профессорлар  
(нұсқаушылардан басқа) докторлық  
дәрежеге ие



Барлық ОПҚ  
ғылыммен айналысады

**20** Постдокторант**89** Оқытушылардың асистенттері

2-сурет. НУ ОПҚ-ның контингенті (2018 жылғы 30 қыркүйектегі жағдай бойынша)

Университетте жоғары және жоғары оқу орнынан кейін білім беру бағдарламаларын ұсынатын бес мектеп жұмыс жасайды, сондай-ақ әріптес университеттер қолдау көрсететін үш кәсіптік мектеп бар (1-кестені қараңыз). Мектептердің таңдал алғынған стратегиялық даму бағыттарының негізгі элементтері В қосымшасында берілген.

1-кесте. НУ мектептері (2018 жылғы күз)

Бакалавриат және жоғары оқу орнынан кейінгі білім бағдарламалары	Ұсынылатын дәрежелер
Инженерия мектебі (ИМ)	BSc, MSc, PhD (FTM бірге)
Гуманитарлық және әлеуметтік ғылымдар мектебі (ГӘФМ)	BA, MA, PhD (2019 жылдың күзінен бастап) BA (Мейірбеке іci), MSc, MD
Медицина мектебі	MSc, BSc (2018)
Таяу-кен ісі және жер туралы ғылымдар мектебі	BSc, MSc, PhD (ИМ-мен бірге)
Ғылым және технологиялар мектебі (FTM)	
Жоғары оқу орнынан кейінгі білім бағдарламалары	Ұсынылатын дәрежелер
Жоғары бизнес мектебі	FT-MBA, E-MBA, MSc, PhD (2019)
Жоғары білім беру мектебі	MA, MSc, PhD
Жоғары мемлекеттік саясат мектебі	MPP, MPA, PhD
Дайындық бағдарламалары	Сертификаттар
Дайындық Мектебінің 1-жылдық қарқынды бағдарламасы (NUFYP)	Сәтті бітіру НУ-дың бакалавриат бағдарламасына оку түсуге жол ашады.
Магистратура бағдарламаларының дайындық жылы	НУ-дың магистрлік бағдарламаларына шартты қабылдау.

Озық әлемдік университеттермен стратегиялық әріптестік қарым-қатынас орнату НУ-дың институционалдық дамуында маңызды рөл атқарды. Әр мектеп өзінің әріптесін таңдайды. Бұл әр түрлі әріптестермен қарым-қатынасты дамыту университет үшін кейде қын болды, бірақ, жалпы алғанда, бұл арқылы университет елеулі тәжірибеге ие болды. Төменде уақыт өте келе өзгеріп отырған стратегиялық әріптестердің алғашқы тізімі берілген (2-кесте): көпшілігі

ұзақ мерзімді болды, кейбіреуімен әріптестік ету мерзімі аяқталды, өзгеше жағдайларда әріптестік орнатылмады.

2-кесте. НУ-дың стратегиялық әріптестері

**Кембридж университеті, білім беру факультеті (Ұлыбритания) –**

Жоғары білім беру мектебі; Кембридждің бағалау (оку түсү сынағы) бойынша сынағы – NUFYP

**iCarnegie университеті (АҚШ) –**

Фылым және технологиялар мектебінің алғашқы әріптесі (бастапқы үш жылда);

**Колорадо тау-кен ісі мектебі (АҚШ) –**

Тау-кен ісі және жер туралы ғылымдар мектебі;

**Дьюк университеті, Фукуа бизнес мектебі (АҚШ) –**

Жоғары бизнес мектебі;

**Лоуренс Беркли Ұлттық зертханасы (АҚШ) –**

Астана Ұлттық зертханасы (National Laboratory Astana);

**Сингапур ұлттық университеті, Ли Куан Ю атындағы мемлекеттік саясат мектебі (Сингапур) –**

Жоғары мемлекеттік саясат мектебі;

**Oak Ridge Associated Universities (ORAU) (АҚШ) –**

Ішкі зерттеу гранттарын сыртқы бағалау;

**Пенсильвания университеті, Білім беру мектебі (АҚШ) –**

Жоғары білім беру мектебі;

**Питтсбург университеті (АҚШ) –**

Медицина мектебі;

**Ворвик университеті (Ұлыбритания) –**

NUFYP (UCL шыққан соң қайталама жобалау кезеңінде);

**Висконсин-Мэдисон университеті (АҚШ) –**

Гуманитарлық және әлеуметтік ғылымдар мектебі;

**Лондон университеттік колledge (Ұлыбритания) –**

Инженерия мектебі (алғашқы бес жылда) және Дайындық мектебі (NUFYP) (алғашқы бес жылда)

ОПҚ іске асыратын ғылыми-зерттеу бағдарламаларына қосымша НУ өзінің ғылым, инновациялар және коммерцияландыру саласындағы пайымдауын қолдау мақсатында National Laboratory Astana, сондай-ақ Технопаркті және инновациялық экожүйені қамтитын Инновациялық кластер құрып, дамытуда. НУ индустриямен байланысын нығайту мақсатында Astana Business Campus (ABC) құруда.

Бүгінгі таңда Университетті әлемнің озық университеттеріне жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларына түсептін, тамаша мансаптық ұсыныстар алғын немесе кәсіпкер болып жатқан жақсы дайындалған талапкерлерді шығаратын жас әрі нық орныққан жоғары оқу орны деп санауга болады (анағұрлым толық ақпарат 2-бөлімде берілген). Алайда университеттің алдына қойылған мақсаттарға қол жеткізу үшін бұдан да көп нәтижелерді талап етеді.

Ары қарай сипатталатында НУ-дың өсүі мен дамуының келесі кезеңінің басымдығы ОПҚ жүргізетін серпінді ғылыми зерттеулер бағдарламасы болмак. Университет осындай бағдарламаны әзірлеудің сәтті бастамасын қалады: шамамен 500 оқытушы мен зерттеушілер 2011–2018 жылдар аралығында 2000-нан астам халықаралық жарияланымдарды басып шығарды.

НУ-дың оқытушылары мен зерттеушілері халықаралық әріптестермен әріптестікте өз жарияланымдарының төрттен үш бөлігін басып шығарғанын айта кету керек. НУ студенттері сондай-ақ ғылыми қызметке белсенді қатысады: олардың есебінде 130-дан астам мақалалар бар. НУ жарияланымдарының 11%-нан астамы әлем бойынша көнінен дәйексөз алынатын жарияланымдардың 10%-на кіреді және ширектен астамы жетекші журналдарда жарияланады.

## ТӘҮЕЛСІЗ СЫРТҚЫ БАҒАЛАУ (2017)

Сапаны арттыру және өзін-өзі жетілдіру мақсатында 2016 жылдың сонында университет Еуропаның университеттер қауымдастырының (EUA) Институционалдық бағалау бағдарламасы шеңберінде ішкі бағалауды жүргізді. 2017 жылдың алғашқы жартысында EUA тәуелсіз бағалауын жүргізді және 2017 жылдың тамыз айында Университетті бағалау туралы тиісті Есебін жариялады. Баяндамада НУ-дың қызметі және оның осы қысқа уақыт ішінде еңсерген үлкен жолы аталып өтті. Сондай-ақ НУ-ды жаһандық бәсекеге қабілеттіліктің келесі деңгейіне ілгерілету үшін 29 ұсыным ұсынылды (С қосымшасын қараңыз). Олардың көшілілігі НУ-дың басшылығы, оқытушылары және зерттеушілерінің пікірлерімен бара-бар келді. Осыған байланысты Университет осы ұсынымдарды орындау үшін жұмыс тобын ұйымдастырды; EUA іске асыру барысына шолу жасау және НУ басшылығымен кейінгі қадамдарын талқылау үшін тұрақты негізде НУ-ға келіп тұратын болады.

## 2018–2030 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН ЖАҢА СТРАТЕГИЯНЫ ҚҰРУ СЕБЕБІ

Тоғыз жыл бұрын ғана НУ жаңадан құрыла бастады. Бұл анығында жаңа жоба болды. Бүгінде біз мақтанарлық нәтижеміз бар дейіміз, бірақ Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың бастыымен жаңа жаңадан мүддесі және елдің игілігі үшін құрылған Университетке айналу мақсатында әрі қарай даму мен өсіді жалғастырамыз. Мирақорлық пен сапаны сақтай отырып, Университет серпілісті өзгерістерге дайын болуға ұмтылады, өзінің дамуын жалғастырады, оның ішінде 2025 жылға таман студенттердің контингентін екі есе 8000 адамға дейін арттырады.

Қолданыстағы Стратегия аяқталмай тұрып, осы Стратегияны құрудың негізгі мақсаты – серпілісті технологиялардан және басқа болжанбайтын мән-жайлардан амалсыз туындастырылған өзгерістерге дайындық барысында қалыптасудың және дамудың, көсіптік миражорлықтың құнды тәжірибесін сақтау және арттыру. Әлемдік санаттағы мықты жоғары оқу орнын құру уақытты талап етеді және миражорлық бұл арада өте қажет.

Университеттің ғылымға берілгендейгі барлық жағдайда басым болатын негізгі бағыт болып табылады. НУ-дың алдында әлемдік санаттағы жетекші зерттеу университеттерінің рейтингісіне кіру мақсаты тұр. Бұл үшін кемінде бірнеше ең үздік ғылыми-зерттеу бағыттары бойынша танымал болуы қажет. Әлемнің жетік зерттеу университеттерімен ұқсастырына қарай оқыту, ғылыми-зерттеу мен инновациялық қызметтің және түпкілікті нәтижесінде, олардың ажырамас бөлігі ретінде болатында коммерцияландырудың арасындағы байланыс нығайтылады. Бұл трансформация Елбасының университеттің ел болашағандығы рөлі туралы пайымдауын іске асыру үшін негізін қалаушы мәнге ие болады.

## НУ ЖОҒАРЫ ҚАМҚОРШЫЛЫҚ КЕҢЕСІНІҢ 2017 ЖЫЛҒЫ МАУСЫМДАҒЫ ОТЫРЫСЫНДА БЕЛГІЛЕНГЕН МІНДЕТТЕР

НУ-дың Жоғары қамқоршылық кеңесінің 2017 жылғы маусымдағы отырысында 2018–2030 жылдарға арналған жаңа Стратегия бойынша міндеттер қойылды. Бұл отырыста жеті нақты тапсырма берілді. Төменде 3-кестеде осы ұсынымдар мен НУ-дың оларды орындау бойынша қысқаша ұсыныстары берілген. 2018–2030 жылдарға арналған Стратегия осы тапсырмаларды іске асыруды көздейді.

3-кесте. НУ Жоғары қамқоршылық көнсінің 2017 жылғы маусым айындағы отырысында белгіленген міндеттер және НУ-дың оларды іске асыру бойынша орындаған іс-шаралары

<b>№</b>	<b>Міндет</b>	<b>Әрекеттер</b>
1.	Жақын және алыс шетелден дарынды студенттер мен жас зерттеушілерді белсенді іздеуді және тартуды қамтамасыз ету	Студенттерді, сондай-ақ ОПҚ-ны тарту бойынша қарқынды рекрутинг бағдарламасы. Университеттің Қамқоршылық көнсі жаңынан Интернационалдандыру жөніндегі комитет құру. Бұл міндетті орындау үшін өкілдік оғистерін құру.
2.	Назарбаев Университетіне шет елдерден келетін студенттердің контингентін 5 жыл ішінде студенттердің жалпы санынан 10%-га дейін арттыру бойынша ұсыныстар енгізу	Шетелдік студенттердің жалпы үлесін қазіргі деңгейінен (бір пайыздан кем) 2025 жылға 9–10%-ға дейін және 2030 жылға дейін 12%-ға арттыруды қамтамасыз ету. Жоспар қамқоршылық көнс жаңындағы Интернационалдандыру жөніндегі комитеттің отырысында дайындалды және талқыланды.
3.	Өзінің бірегейлігін сақтай және дамыта отырып, халықаралық байланыстарды кеңейту, шетелдік стратегиялық әріптестермен тәжірибе алмасу бойынша жұмысты жалғастыру	Стратегиялық әріптестікті НУ-дың ОПҚ-сы мен әріптестердің ОПҚ-сы арасында анағұрлым терең әріптестіктің моделіне ауыстыру және студенттермен алмасуды ілгерілету. Бұл міндетті іске асыру үшін стратегиялық әріптестердің жыл сайынғы кездесулерін пайдалану.
4.	Назарбаев Университеті нарыққа өз идеялары мен технологияларын ұсынатын жас ғалымдарға консультациялар, бастапқы капитал, үй-жай, маркетинг және зангерлік көмек түрінде жүйелі қолдауды қамтамасыз ететін инновацияларды қолдау экожүйесін қалыптастыру бойынша шаралар қолдану	НУ өз зерттеулерінің жемісіне негізделген инновациялар мен коммерцияландыруды колдау бойынша бар экожүйені құру жұмысын жүргізді. Жас/жаңадан бастаған кәсіпкерлер үшін «бірынғай терезе» құрылды.
5.	Назарбаев Университетінде ғылыми-инновациялық жобаларды, оның ішінде шетелде ілгерілету үшін бөлімше құру	Провост Офисінің құрылымында НУ-дың ОПҚ және ғылыми қызметкерлеріне жан-жақты қолдауды көрсету үшін Ғылыми әкімшілendіру департаменті құрылды, сондай-ақ «NURIS» жекеменшік мекемесі құрылымында Коммерцияландыру офисі құрылды.

№	Міндет	Әрекеттер
6.	Назарбаев Университетінде ғылыми-зерттеу орталығын құру және «жүлдіз» профессорларды, ірі ғалымдарды тартуды, сондай-ақ постдокторанттар мен ғылыми көмекшілер үшін орындарды арттыруды қамтамасыз ету.	<p>Университет Үкіметтен халықаралық деңгейдің танымал ғалымдарын, сондай-ақ НУ-дың жетекші зерттеушілерін қолдау үшін НУ-да ғылыми зерттеушілерді жыл сайынғы қаржыландыруды арттыру сұратылды. Бұл сұраным ЭӘДҰ елдерінің көрсеткіштеріне жақындау үшін Қазақстанның F3TKЖ инвестицияларына елеулі жақындау қажеттігімен үйлеседі. НУ мемлекеттік ғылыми-зерттеу қызметіне шығындарында өз үлесі үшін бәсекелеседі.</p> <p>Сонымен қатар, НУ «Самрук – Қазына» ҰӘАҚ» АҚ-мен НУ-дың Жоғары бизнес мектебін қолдауға қосымша ғылыми зерттеулерге қаржылық қолдану ұсыну үшін келісім жасасты.</p> <p>Университет басшылығы Назарбаев Қорының пайыздық табысының болігі енді Университеттегі ғылыми-зерттеу қызметін қаржыландыруды бастағаны үшін алғыс білдіреді.</p>
7.	Ұзак мерзімді Стратегияда студенттердің санын 8 мыңға дейін арттыруды көздеу	НУ-дың қатаң сапа стандарттарын сақтай отырып, 2025 жылға таман осы мақсатқа қолжеткізу бойынша жоспары әзірленді.

Бұл Стратегия мынадай түрде құрылымдалған.

2-бөлімде жаңа Стратегияны құруға негіз болған алғашқы Стратегия кезеңіндегі бастапқы жетістіктері мен алған сабактары қаралады.

3-бөлімде ағымдағы бастамалар ұсынылған. Мирақорлықты сақтай отырып, НУ жаһандық ауқымда, сондай-ақ ҚР ауқымында университеттерді дамытудың заманауи трендтеріне сәйкес өз болашағын қалыптастыруды тиіс.

Әлем университеттерінің болашағын анықтайтын үрдістер қысқаша 4-бөлімде баяндалады. Алдыңғы бөлімдерді ескере отырып, 5-бөлімде НУ-дың 2018–2030 жылдарға арналған пайымдауы, миссиясы, құндылықтары және стратегиялық мақсаттары берілген. 6-бөлімде осы Стратегияның 2 кезеңі үшін НУ-дың міндеттері мен негізгі көрсеткіштері ұсынылған.

7 және 8-бөлімдер Университеттің екі маңызды міндетін еске салады: қоғамдастықтың түрлі мүшелері арасында бірлік сезімін нығайту және есептілікке әрдайым ерекше мән беру, себебі «бүтін әрдайым оның бөлшектерінің жиынтығынан артық». 9-бөлімде Университеттің жетістікке жету жолында еңсеруі тиіс сын-тегеуріндері талқыланады. Қорытынды 10-бөлім ниеттер қалайша нәтижеге айналатынын ашады, сондай-ақ осы стратегияны іске асыру бойынша келесі қадамдардың шолуын қамтиды.

## 2. БАСТАПҚЫ ЖЕТИСТІКТЕР ЖӘНЕ САБАҚТАР

### ИНСТИТУЦИОНАЛДЫҚ ЖЕТИСТІКТЕР

Институционалдық деңгейде соңғы сегіз жыл ішінде НУ-дың жетістіктері аз болған жоқ, олар «Қазақстан үшін алғашқы рет» деген санатқа жатады. Университет Президенті Шигео Катсу 2017 жылдың мамыр айында Университеттің бастапқы жетістіктерін былайша атап өтті: «Батыстық университеттерден «ұздік практикаларды» көрсету және беру арқылы, сондай-ақ НУ-дың меритократия қағидаттарын қатаң ұстануы арқасында:

НУ елдегі асқан ойшылдарды және дарындыларды тартады;

- НУ бай емес отбасылардан шыққан (қымбат оқуды төлеу үшін қаражаты жеткіліксіз) дарынды жастар үшін «әлеуметтік лифт» ретінде жұмыс жасайды;
- Халықтың көпшілігі НУ моделін тиісінше бағалайды;
- Халықаралық қоғамдастық НУ-ды елді жаңғырту бойынша күш салудың шынайы үлгісі ретінде таниды.
- Сондай-ақ төмендегілерді атап өтті:
- НУ бүгінде «жоғары деңгейде білім беруді ұсынатын лайықты университет болып танылғанына қарамастан, ал мұның өзі аз көрсеткіш емес, жұмыстың тек 1/3 бөлігі ғана орындалды».
- Қазіргі уақытта Университеттің негізгі өнімі оның түлектері, ғылыми зерттеулері және «кірісінде және шығысында» өз оқу бағдарламаларына сындарлы тәуелсіз тәсілдер. Осыған қарамастан, НУ-дың бұл бағыттар бойынша тәжірибесі небәрі сегіз жылды және түлектердің төрт легін құрайды, дегенмен ол көп үміт күттіреді. НУ-дың бұрынғы нәтижелерімен толығырақ «nu.edu.kz» веб-сайтында танысуға болады. Дегенмен, НУ-дың негізгі өнімі оның түлектері болып табылады.
- Біз дамудың жаңа кезеңінің түпмәтінінде НУ түлектері бар статистиканы ескеруіміз керек. Бұл жастар тоғыз жыл бұрын болмаған университетті бітірді. Сөзсіз, біз «Болашақ» бағдарламасының табыстылығы тұрғысынан ұттық, ол Қазақстанның әлем картасындағы позициясын оңайлатты. Дегенмен, НУ-дың көптеген түлектері әлемнің ұздік жоғары оқу орындарына жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламасына түсугінің өзі НУ білім беру бағдарламасының сапалығын, сондай-ақ алғашқы түлектерінің дайындық сапасын куәландырады.



## СТУДЕТТЕРДІҢ ЖЕТИСТИКТЕРИ

- НҰ-дың алғашқы төрт түлектері легінің студенттері қосымша білім ауды немесе еңбек нарығына шығуды шешкеніне қарамастан, өз жетістіктерін көрсетуде. Оқу бітірген 2617 түлектің үштен бір бөлігі окуын жалғастыруды қалады, ал қалғаны еңбек нарығына шығуды үйғарды. Алайда, егер бакалавриат бағдарламасы бойынша қарайтын болсақ, онда шамамен жартысы, көпшілігі шетелде жоғары оқу орнынан кейінгі бағдарламаға оқуға түсken.

## ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНАН КЕЙІНГІ БІЛІМ


Білімін жалғастыруды үйғарған 600 түлектің ішінде көпшілігі әлем бойынша үздік халықаралық университеттерге (АҚШ, Ұлыбритания, Германия және Франция – НҰ түлектерін таңдаушылардың көшбасшылары) оқуға түсті.

Түлектердің көпшілігі магистратура бағдарламаларына түсті, алайда елеулі бөлігі докторантурасынан немесе әрі қарай докторантурасынан магистратура немесе «Медицина докторы» бағдарламаларында оқиды. Олардың ішінде жартысынан кемі шетелде оқуды қалады және жартысынан шамалы көбі окуын НҰ-да жалғастыруды.

НҰ тарихындағы жарқын үлгі 2015 жылғы түлектердің арасында орташа балы ең жоғары студент болып табылады, ол Стэнфорд және Принстон университеттерінің докторантурасынан бағдарламаларына және Массачусетс технологиялық институтының (МТИ) химиялық инженерия саласындағы магистратура бағдарламасына қабылданды. Ол МТИ атынан толық стипендия алған жеті студенттің қатарында болды. МТИ магистратура бағдарламасын бір жылда бітіріп шыққан соң, окуын Стэнфордта докторантурасынан бағдарламасы бойынша жалғастыруды.

## НҰ ТҮЛЕКТЕРІНІҢ СТАРТАПТАРЫ

НҰ-дың алғашқы түлектері сондай-ақ өз компанияларын құрды. Бұл НҰ инновациялар мен кәсіпкерлікті қолдауға көңіл бөле бастағаннан бўрын болғанын айта кету маңызды (3-суретті қараңыз).



Дерек көзі: Мансап және қасіптік бағдарлау орталығы 2018 жылғы 20 маусымдағы жағдай бойынша

### 3-сурет. НУ түлектерінің құрған стартаптарының мысалдары

Осы студенттер НУ-дың Қазақстанның болашағына қосатын елеулі үлесін қалыптастыру үшін өте маңызды салада бастамашылдық танытады. Бұл экономиканы әртараптандырып, жұмыс орындарын құруға көмектесетін жаңа мекемелерді дамыту. Осы стартаптардың кейбірі НУ студенттерінің әлеуметтік бағытталған БКБ-ны құру арқылы өзінің алған білімі үшін еліне «қарызын қайтара» алатынын көрсетеді.

### ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ

Елдің экономикасын әртараптандыру саласындағы жағдайға қатысты айтатын болсақ, жұмыс ізdegендердің 1/5 жуығы өнеркәсіп және өндіріс секторында жұмысқа орналасы. Түлектердің жұмыспен қамтылған ірі салалары консалтинг, аудит, банк ісі, білім және ғылым болды. 2018 жылғы қалпы бойынша бакалавр дәрежесі бар НУ студенттерінде жұмыспен қамту көрсеткіші 50%-ды құрады, ал магистр дәрежелі түлектердің арасында бұл көрсеткіш 80%-ға жетті.

НУ-дың академиялық жетістіктерге негізделген студенттерді қабылдау және диплом беру саясатына берілгендердің маңызды қосымша артықшылықтарының бірі STEM-пәндерінің студенттері арасында да гендерлік теңгерімнің сақталуында – ЕУ-дың алғашқы түлектерінен бес үздік студенттің ішінде төртеуі әйел жынысты болды, ал олардың екеуі STEM-пәндерінің түлектері болды.

### ҒЫЛЫМИ ЗЕРТТЕУЛЕР МЕН ИННОВАЦИЯЛАР

НУ-дың зерттеулері мен инновацияларының нәтижелері бүгінде мақтан етуге лайықты (4-суретті қараңыз).




4-сурет. НУ-дың 2011–2018 жылдараралығындағы ғылыми-зерттеу қызметінің нәтижелері

Кол астында 400 ғылыми қызметкер жұмыс жасайтын НУ-дың ғылыми жарияланымдарының саны жылдам өсті, жиынтығында 2000 жарияланым мәнінен асып кетті; бұл ретте оның ішінде 11,7% әлем бойынша ең көп дәйексөз алынатын жарияланымдардың 10% қатарына кірді (Қазақстан бойынша орташа – 4,0%), ал дәйексөз алудың орташа шамаланған индексі

әлемдік орташа 1,00 деңгейіне қарағанда 1,17 деңгейін құрайды (2018 жылғы тамыздағы жағдай бойынша).

Салыстыру үшін, Қазақстанның басқа ЖОО-ларының дәйексөз алудың орташа шамаланған индексі 0,6 кем, ал Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының жетекші университеттерімен салыстырғанда НУ төртінші орынды иеленеді. ЕО қатарына 200ТМД4 жылдан кейін кірген елдердің жетекші университеттерімен салыстырғанда НУ 14 орында тұр. Университеттің салыстырмалы түрде кейін құрылғанына қарамастан бұл көрсеткіштердің маңыздылығы арта түсude. Біздің университет Thomson Reuters сәйкес Қазақстандағы ең көп дәйексөз алынатын университет болып саналады.

5-суретте НУ-дың дәйексөз алынудың орташа шамаланған индексі мен халықаралық әріптестігі түрғысынан университеттің салыстырылатын топтарына қатысты позициясы көрсетілген.



5-сурет. НУ-дың 2012–2018 жылдар аралығындағы ғылыми-зерттеу қызметінің нәтижелері: дәйексөз алудың орташа шамаланған индексі және халықаралық әріптестік

ОПҚ мүшелері және НУ-дың ғылыми қызметкерлері 63 патентті өтінімі бар 40 нақты алынған патентін иелене отырып, инновациялар саласында ілгерілеуде.

Бұл Университеттің 8 жыл бұрын құрылғанын айтпағанда, кез келген университет үшін лайықты көрсеткіш болып табылады. Еуропалық университеттер қауымдастығының (nu.edu.kz сайтында қараңыз) бағалау туралы есебінде «Сарапшылар тобы Университетті студенттік контингентінің және академиялық персоналдың жоғары сапасы үшін жоғары бағалады. Көбіне шетелдік азаматтар болып табылатын профессорлар мен оқытушылар осы үлттық жобаның жетістікі жетуі үшін елеулі күш салады. Сарапшылар тобына ұсынылған НУ қызметкерлерінің ұсынған жарияланымдарының тізімі таң қалдырарлық. Ғылыми қызметкерлердің жұмыс нәтижелері алдыңғы жұмыс орнында қолжеткізген табыстарына ғана негізделіп қана қоймай, сондай-ақ НУ-да жүргізілген зерттеулерін де қамтиды. НУ-дың стратегиялық әріптестерінің деңгейі ішінәр олардың қолдау көрсетуімен қалыптасатын академиялық персоналдың сапалы екендігін көрсетеді» деп айтылған.

## НУ-ДЫҢ АЛҒАШҚЫ СТРАТЕГИЯЛЫҚ КЕЗЕҢІНІҢ САБАҚТАРЫ

Колданыстағы жетістіктердің негізінде көптеген факторлар мен қатысушылар бар, бірақ мынадай ерекшеліктер атап көрсетіледі:

1. Президенттің ағылшын тілін халықаралық ғылыми зерттеулердің тілі ретінде НУ-да оқыту тілі етіп жасау туралы шешімі Университеттің табысты болуы үшін шешуші мәнге ие болды;
2. Қалыптасудың алғашқы жылдары ішінде Жоғары қамқоршылық кеңестің шекті маңызды болған бастапқы бес стратегиялық мақсаттары нысанында даму курсының болуы.
3. НУ студенттеріне этика, академиялық тұтастық, жеке жауапкершілік және сиңи ойлауға қатысты үздік жаһандық құндылықтарын менгертудің маңыздылығы.
4. Даму мәселелерін қарастыратын халықаралық қоғамдастыққа белгілі болғандай, ел үшін жауапкершілік оның табысты институционалды дамуы үшін ерекше мәнге ие, ал НУ жағдайында тұжырымдаманы құрудан бастап оны іске асырғанға дейін Университет шынымен де үлттық (қазақстандық) жоба болған. Бүгінде солай болып отыр.
5. Бастапқыда Университетті құрумен айналысқан жобалық топ Университеттің Қазақстанның әлемдік санаттағы университетті құруға талаптануынан ерекше екендігін түсінді. Бұл түрғыда НУ-ға академиялық және институционалдық дербестік берген арнайы заңын қабылдануы маңызды болды. Өз кезегінде дербестік Университетке басқарудың жаһандық стандарттарын енгізуге, академиялық жетістіктер негізінде студенттерді тандаудың ашық жүйесін және кәсіптік қызметтер негізінде жалдау саясатын енгізуге мүмкіндік берді. Бұл құрамына халықаралық және үлттық өкілдері кіретін Қамқоршылық кеңесті құруға мүмкіндік береді.
6. НУ-да академиялық жетістіктер қағидатына негізделген студенттерді іріктеудің ашық жүйесі құрылды. Лондонның университеттік колледжі (UCL) НУ-дың «фаундейшн» дайындық бағдарламасы бойынша (Университет алдындағы дайындық орталығы) стратегиялық әріптесі бола отырып, студенттерді іріктеудің осы процесіне негізделген. Студенттерді іріктеудің бұл процесі Қазақстанның азаматтары үшін НУ-дың принциптік ерекшеліктері туралы айтатын ең күшті белгісінің бірі болды. Бұл сөздердің мәні НУ «барлығына арналған университет» болып табылады, яғни кез келген студент өзінің материалдық жағдайына, байланыстарына (немесе оның болмауы), этникалық тәнділігіне немесе жынысына тәуелсіз, тиісті академиялық жетістіктері мен ағылшын тілін білудің жақсы деңгейіне ие бола отырып, НУ-ға оқуға түсе алады.
7. Бұл саясаттың маңыздылығы НУ студенттерінің контингентінде көрініс тапты, онда түрлі әлеуметтік-экономикалық жағдайы және географиялық бөлінуі бар, сондай-ақ дерлік тең гендерлік қатынасы бар топтар ұсынылған (1-суретті қараңыз).
8. НУ-дың әлемнің жетекші ЖОО-ларымен олардың филиалдарына айналмай әріптестік қатынастарын орнату туралы бастапқы шешімі ерекше мәнге ие болды. Бұл Университетке өзінің тәуелсіз брендін құру және ұзақ мерзімді дамуы мен тұрақты дамуына өз үлесін қосу мүмкіндігін берді.
9. НУ-дың әлемнің үздік университеттерінің рейтингілеріне кіретін стратегиялық әріптестері оның қалыптасуында шешуші рөл атқарды. Олар университеттің қарқынды дамуына септігін тигізді, сонымен бірге сапаға салмақты қарайтынын күеландырады.
10. Еуропалық университеттер қауымдастыры іске асырған НУ-дың сыртқы бағалауы НУ-дың үздіксіз өзін-өзі жетілдіруге ұмтылудағы маңызды үлесі болады.

### 3. АҒЫМДАҒЫ БАСТАМАЛАР

Жеті жылдан кейін НУ дәл осылай қарқынды дамуда. Бүгінгі біздің бастамаларымыз мыналарды қамтиды, бірақ онымен ғана шектелмейді:

1. НУ-дың Провот офисі Ғылыми зерттеулерді қолдаудың жаңа жоспарын әзірледі, онда пәнаралық зерттеулерді жүргізу қажеттігі, сондай-ақ басым салаларының тиімді саны шегінде ресурстарды шоғырландыру қажеттігі ерекше аталады.
2. Интернационалдандыру НУ дамытудың екінші он күндігінің негізгі міндеті болып қалады, бұл бағытта жұмыс әлі жүргізілуде (F қосымшасын қараңыз). НУ-дың Қамқоршылық кеңесі интернационалдандыру бойынша ішкі комитетті құрды, ол Студенттік істер және халықаралық ынтымақтастық жөніндегі вице-президентпен бірге тәжірибелі игеруге және басқа университеттерде интернационалдандырудың озық практикаларын анықтауға кірісті.
3. НУ-дың оқу және оқыту стратегиясы Университеттің оқуға деген ыңғайын анықтады. Инновация, интеграция және инклузивтілік НУ-дың «Академиялық көшбасшылық» және «Түлектердің атрибуттары» стратегиялық мақсатымен тығыз байланысты Стратегияның негізін қалайтын элемент болып табылады. Стратегия тиісті құзыреттерді және халықаралық-интеграцияланған оқытуды дамыту мақсатында академиялық адалдық, ғылым мен оқытуды біріктіру, жекешелендірілген оқыту, коллаборитивті оқыту, заманауи білім беру технологияларын пайдалана отырып, оқытуға негізгі екпін жасайды.
4. НУ-дың Академиялық сапасын арттыру тұжырымдамасы (ACAT) студенттер мен оқытушылардың көрі байланысын, сыртқы сарапшылардың пікірлерін, курс, бағдарлама, Мектеп деңгейінде студенттердің ілгерілеуі және академиялық үлгерімі туралы мәліметтерді талдауға, сондай-ақ шаралардың алдыңғы кешенінің қолжеткізген нәтижелерін үздіксіз талдауға негізделеді. ACAT НУ-дың мектептері арасында таралуы тиіс жаңа мақсаттарды және қолданыстағы озық практикаларды анықтайды.
5. Студенттерге өз мамандануын таңдау алдында қызығушылықтары мен зияткерлік бейімділіктерін анықтау үшін жеткілікті уақыт беретін, бірінші және екінші курстың барлық студенттеріне арналған бакалавриат академиялық бағдарламасының міндетті компонентін әзірлеу жүргізілуде. Бакалавриат академиядық бағдарламасының міндетті компоненті НУ-да оқу және оқыту стратегиясының принциптерін, сондай-ақ кәсіпкерлік тәсілдеме мен ойлаудың шығармашылық дизайнын қамтиды.
6. Институционалдық зерттеу қызметі: Институционалдық зерттеу және талдау НУ-да шешім қабылдау және институционалдық жоспарлау үшін сенімді мәліметтер ұсыну мақсатында жүргізіледі. Институционалдық зерттеудің негізгі міндеті университет үшін маңызды мәселелерді қарастыратын стратегиялық талдауды дайындауда. Қазіргі уақытта мектептер бойынша академиялық үлгерімді, НУ студенттерінің ағылшын тілін білу деңгейі (оның ішінде университет алдындағы дайындық бағдарламасының студенттері және бакалавриат бағдарламасын қосқанда), тікелей бакалавриат бағдарламасына қабылданған студенттердің академиялық үлгерімін, сондай-ақ студенттер арасында оқуға түкен кезде және университетті бітірген соң жүргізілетін сауалнамаға негізделіп, зерттеу жүргізіледі.
7. Бұрын айтылып өткендей, НУ өз қызметінің нәтижелеріне сыртқы тәуелсіз бағасын алу мақсатында Еуропалық университеттер қауымдастырының (ЕУК) Институционалдық бағалау бағдарламасына қатысты. Бұл бағалау нәтижелері назарға алынды және

НУ басшылығымен іске асырылуда. С қосымшасында Институционалдық бағалау бағдарламасының ұсынымдары берілген.

8. НУ-дың Жоғары қамқоршылық кеңесінің стратегиялық мақсатына сәйкес 2025 жылға таман студенттердің санын екі есе арттыру жоспары құрылды.
9. «Жасыл кампус» бастамасы. Бұл бастаманың тұжырымдамасы НУ-дың қоршаған орта саясатын өзірлеуге және қоғамдастық ішінде тұрақты мәдениетті құруға негіз болады. НУ-дың «Жасыл кампус» тұжырымдамасын енгізу сынамалы жоба болады, ол кейін басқа да қазақстандық оқу мекемелерімен пайдаланылуы мүмкін.
10. НУ-дың ағымдағы және болашақ инновациялық бастамаларын қолдау үшін инновациялардың экожүйесін дамыту.
11. Үкіметтің өтініші бойынша НУ басшылығы ЭКСПО халықаралық көрме аумағында жаңа ИТ-университетті құрудың тиімді жолдарын менгеруде.

## 4. ТҮПМӘТІН – УНИВЕРСИТЕТЕРДІҢ БОЛАШАҒЫ<sup>2</sup>

Университеттердің мақсаттары жақын онжылдықта қалай өзгереді? Ұдайы өзгеретін білім беру өнімін ұсынудың жолдары қалай өзгереді?

Әлем немесе Қазақстан үшін қолайлы болашақ сценарийлерге тәуелсіз кейір амалсыз орын алатын үрдістер болашақта университеттерге әсер ететін болады. Олардың ішінде:

- Университеттер арасында жаһандық бәсекелестікті қүшейту олардан университеттік қызыметтердің жалпы пакеті арасында өзінің білімдік өнімін ерекшелей білуін талап етеді.
- Жалғасатын цифрлық революция және жаһандану еңбек пен жұмыспен қамтудың дәстүрлі нарықтарына қарқынды әсер ететін болады.
- Цифрлық революция, сондай-ақ университеттердің жұмыс жасау әдістерін өзгеретін болады; яғни университеттердің оқуды ұйымдастыруына және қазіргі уақытта қалай ұйымдасуына байланысты.

Осылайша, университеттер жақын арадағы бірнеше онжылдықта екі сын-тегеурінге тап болуы ықтимал:

- Дағыларга талабы жылдам өзгеріп тұратын еңбек нарығы жағдайларында, сондай-ақ жаһандану нәтижесінде елдердің жұмыс орындарын бөлу кезінде бәсекеге қабілетті және өзекті болып қалу, себебі технологиялар және робот техникасы жұмыс орындарын кодтармен және машиналармен («Адам және Индустріядағы машина 4.0<sup>3</sup>» қараңыз) алмастыруда<sup>4</sup>;
- Университеттердің жұмыс жасауына байланысты (оқытудың аралас әдістері, цифрлық санаттар және т.б.) жалғасып келе жатқан цирлық революцияға бейімделу.

<sup>2</sup> 2012 жылғы Ernst and Young баяндамасы «Университеттің болашағы. Мыңжылдық өнеркәсіп терең өзгерістер карсаңында», Сонымен қатар 2014 жылдың 28 маусымындағы The Economist басылымы:

«Консервативтік жоғары білім беру бизнесі жақын арада жер сілкінісін сезінед», сонымен қатар 2014 жылдың маусымындағы Zogby Analytics баяндамасы «Студенттердің пікірін білу үшін жүргізілген әлемдік саул нама»

<sup>3</sup> 2015 жылдың қыркүйегіндегі Бостон Консалтинг Групптің баяндамасы «Адам және машина жасау саласы 4.0».

<sup>4</sup> 2030 жылғы Бахши және т.б. «Дағылардың болашағы», 2017 жылғы Лондон, Пирсон және Неста «Жұмыспен қамтылу», және 2016 жылдың қантарындағы Дүниежүзілік экономикалық форумның баяндамасы «Болашақ жұмыс орны: жұмыс, машина және төртінші индустриалдық революция үшін жұмыс күші стратегиясы»

Еңбек нарығындағы өзгерістер өткен жылдардағы университет түлектерінің өз еңбек жолында жаңа дағдыларды менгеру қажеттіліктерінің және қалауларының күрт артуын көрсетеді. Қоپтеген болашақ университеттер орта мектепті енді бітірген жас адамдардың көп болатын орны болмайды – университеттерде түрлі жастағы өкілдер оқытын болады, себебі елдер технологиялық өзгерістер мен жаһандануға байланысты жұмыссыз қалған қызметкерлерін қайта оқытуға тырысады.

Университеттің қызметі осы Стратегияда қамтылған кезеңде күрт өзегереді. НУ осы өзгерістерге бейімделу үшін икемді болып қалуы керек.

Барлық осы үрдістер Қазақстанның жоғары білім жүйесіне де жанайды, алайда бұл мәселе осы Стратегияның шенберінен тыс шығады (Д қосымшасында Қазақстанның жоғары білім беру жүйесіндегі ағымдағы жағдайын және жоспарлы өзгерістері талқыланады).

Дағдыларға сұранымның жаппай (нарықтық) өзгеруіне бейімделу қажеттігі әлемнің басқа елдеріне қарағанда Қазақстан үшін анағұрлым өзекті болуы мүмкін, себебі ел «Қазақстан – 2050» Стратегиясының мақсаттарына жету үшін экономикасын әртараптандыруға ұмтылуда.

## 5. НУ-ДЫҢ ПАЙЫМДАУЫ, МИССИЯСЫ ЖӘНЕ СТРАТЕГИЯЛЫҚ МАҚСАТТАРЫ

НУ-дың болашағын Елбасымыз белгілеп қойған: «НУ әлемдегі үздік университеттердің бірі болуы және ұлттық «брэндке» айналуы тиіс; НУ түлектері елді модернизациялауда және «Қазақстан – 2050» стратегиясының пайымдауын іске асыруды жетекші рөл атқаратын болады.

Осы мақсаттарға жету үшін Университет кәдімгі жоғары оқу орны және зерттеу университетінен артық болуы керек. НУ Қазақстан экономикасының әртараптануына септігін тигізетін инновациялар мен кәсіпкерліктің дамуын ынталандыруы тиіс. Университет бұл бағыттағы жолда қоپтеген кедергілерге тап болады, бұл мемлекеттік ресурстарға артып келе жатқан бәсекелестік жағдайында елге бейтаныс аумаққа өтуді және тәуекелдерді бағамдайды.

Бұл екі мақсат – «жаһандық артықшылық» және «ұлттық маңыздылық» – бір-біріне қайшы келмейді, көрініше бірін-бірі қүштейтуде; сондықтан осы мақсаттарға қолжеткізу үшін алдағы онжылдықта НУ өзара бірін-бірін толықтыратын тәсілдемені пайдалануы тиіс.

Халықаралық танымалдық алу үшін Университетке жаһандық ережелер бойынша ойнауга тұра келеді, басқа сөзben айтқанда, университеттердің жаһандық рейтингісінде тиімді бәсекелестік етуі тиіс болады. Бұл бәсекелестік, ең алдымен, бірақ осымен ғана шектелмей, ғылыми-зерттеу жетістіктерімен және жарияланымдармен, сондай-ақ студенттердің үлгерімімен және Университеттің сипаттамаларымен (мысалы, студенттер мен оқытушылардың қатынасы, студенттер контингентінің алуан түрлілігі және т. б.) шартталған. НУ-дың ЖОО-лардың жаһандық рейтингіне кіру уақыты жақсылап ойластырылуы керек, себебі тым ерте әрекеттеннұ НУ-ды әлемдік университеттердің төменгі қатарына «жатқызыу» мүмкін және бұл стереотипті содан кейін өзгерту қыын болады. Осыған байланысты НУ-дың ЖОО-дардың жаһандық рейтингілерге кіруі осы стратегиялық кезеңнің соңына дейін, тіпті 2030 жылға дейін күтілмейді.

Сонымен бірге, Университет өзінің жаһандық рейтингіге қатысадыны шынайы мүмкіндіктерін бағалау мақсатында әлемнің үздік 200 университеттерінің ерекшеліктеріне талдау жүргізді. Алайда, НУ-дың болашағы жаһандық рейтингілерде тек жоғары позицияларды иеленуімен

шектелмеуі тиіс. Президент Н.Ә. Назарбаев айтып өткендей, НУ Қазақстаниң халқына елді дамыту мен жаңғыртудағы ұмтылысында қызмет етуі тиіс. Бұл тармақ, сондай-ақ НУ-дың 2013–2020 жылдарға арналған Стратегиясында айтылды.

«Қазақстан –2050» стратегиясын іске асыру мақсатында НУ ОПҚ-ны екі бағытта зерттеу жүргізуге ынталандыратын болады – маңызды жаһандық проблемаларды шешуге бағыталған зерттеулер, сондай-ақ Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық және ғылыми-техникалық проблемаларын шешу.

Бұл функцияларды бір университетте біріктіру және қысқа уақыт ішінде табысқа жету ортақ мақсатты тұрақты ұстануды, басшылықтың күшті және жан-жақты командасының болуын және осы бірігу қалай көрініс табатыны туралы нақты түсінікті болуын талап етеді. Сонымен қатар НУ бренди болашақта қандай болатынын анықтау керек.

Бұрын айтылып өткендей, НУ үшін университеттердің жалпы жиынынан өзін ерекшелеге маңызды. Ол үшін НУ бірқатар басым бағыттарға халықаралық танылған сарапшы болуын және осы бірігу қалай көрініс табатыны туралы нақты түсінікті болуын талап етеді. Сонымен қатар НУ арасында мыналарды ерекшелеге болады (6-суретті қараңыз):



6-сурет. Зерттеудің ықтимал бағыттары

## НУ-ДЫҢ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ

Жаһандық танылуға әрі қарай ілгерілеу үшін НУ болашақта да өзінің негізгі құндылықтарына негізделуі тиіс.

Университет үшін негізгі құндылықтар мынадай:

- Үлттық және жаһандық маңызға ие зияткерлік танымпаздыққа негізделген зерттеулер;
- Мәдени алуштурлілік – білімнің, ғылымның және қоғамның барлық аспектілерін кіріктіру;
- Білім беруге тең қолжетімділік – нәсілдік, діни, гендерлік, әлеуметтік- экономикалық мәртебесі немесе физикалық мүмкіндіктеріне тәуелсіз барлығы үшін тең шарттар;

- Жетістіктер негізінде таңдау – барлық дарынды студенттер, оқытушылар мен зерттеушілер үшін ашық;
- Тұтастық – университеттің оқу, зерттеу, басқару және студенттік өмірінің барлық аспектілеріндегі бірлік;
- Студенттердің, оқытушылардың және зерттеушілердің жоғары этикалық қағидаттарды және кәсіпқойлықты сақтауы;
- Айқындық және ашықтық – қоғамның университет қызметінің барлық аспектілеріне қолжетімділігі;

Тұлектер үшін бұл құндылықтар мынадай:

- Өзінің мамандануы бойынша терең және жан-жақты білімге ие болу;
- Интеллектуалды дамыған, танымпаз, креативті болу және кең дүниетанымға ие болу;
- Шешімдерді ақылмен қабылдауға қабілетті болу және басқаларды біріктіре және тарта білу;
- Бастамашыл, іскер және жаңа мүмкіндіктерді тудыруға қабілетті болу;
- Көптілді және көпмәдениетті әлемде еркін бағыттала алу;
- Мәдени алуштурлілікті қабылдай біletін әлемнің білімді азаматы болу;
- Өзінің тұлға ретінде дербестігін және орнықтылығын таныту;
- Өз елінің дамуында жетекші рөлді иеленуге дайын болу.

## **СТРАТЕГИЯЛЫҚ МАҚСАТТАРЫ**

Жоғары қамқоршылық кеңес НУ үшін толығымен қамтылатын бес бастапқы мақсатты бекітті:

I мақсат. Қазақстандағы білім беру жүйесін реформалаудағы көшбасшылық;

II мақсат. Академиялық көшбасшылық;

III мақсат. Ғылыми көшбасшылық;

IV мақсат. Денсаулық сақтаудың интеграцияланған академиялық жүйесінің моделін құру;

V мақсат. Инновациялар және ғылымды өндіріске енгізу.

Төменде берілген 4-кестеде осы мақсаттардың берілген Стратегияның бар кезеңі ішінде болжалды даму барысы ашылған:

## **НУ-ДЫҢ ПАЙЫМДАУЫНЫҢ, МИССИЯСЫНЫҢ ЖӘНЕ СТРАТЕГИЯЛЫҚ МАҚСАТТАРЫНЫҢ ДАМУЫ**

4-кесте. НУ стратегиялық мақсаттарының дамуы

2018	2024/25	2025–2030
<b>Пайымдауы</b>  Қазақстанға және әлемге олардың дамып, өркендеуіне қажетті ғалымдар мен мамандарды, жетекшілер мен кәсіпкерлерді дайындау	Пайымдауы жалғастырылатын болады.	Пайымдауы әлі де қүшінде, бірақ анағұрлым жоғары стандарттары бойынша жүргізілетін болады.

<b>2018</b>	<b>2024/25</b>	<b>2025–2030</b>
<b>Миссиясы</b>  Қазақстанда жоғары білім мен ғылым жүйесінде реформалар жүргізу моделі болып, Астананың инновациялар мен білімнің халықаралық орталығы ретінде қалыптасуына үлес қосу және студенттерді тұрақсыздық, белгісіздік, кешендік және көпмәнділігі ұлттайған өмірге дайындау	Миссиясы жалғастырылады, бірақ Қазақстанның университеттерімен, әсіресе, Астананың оку орталықтарымен интеграция күштіледі.	Миссия әлі де білім беру саласында көшбасшылықты және өмір бойы оқуға ерекше назар бөлуді талап ететін болады.
<b>1-стратегиялық мақсат:</b>  <b>Қазақстандағы білім беру жүйесін реформалаудағы көшбасшылық</b>  (өзгеріссіз қалады)	Стратегиялық мақсаты қалады, НУ және Қазақстанның басқа ұлтты және өнірлік университеттерімен екі жақты ағынды арттыру мақсатында «hub and spokes» қағидаты бойынша инновациялық модельді енгізуі жалғастыру.	НУ тен дәрежелі деңгейге жетуге көмек беретін университеттердің бір-біріне бара-бар желісін құру, осылайша, жоғары білімнің толық интеграцияланған жүйесін құру; әрі қарай НУ-дың өнірлік көшбасшылық рөлін нығайту.
<b>2-стратегиялық мақсат:</b>  Академиялық көшбасшылық  (өзгеріссіз қалады)	Стратегиялық мақсат қалады, анағұрлым жоғары стандарттарға үздіксіз ілгерілеу; Астананың академиялық көшбасшылық орталығы ретінде қалыптастуындағы рөлін арттыру.	Стратегиялық мақсат қалады, НУдың академиялық көрсеткіштері оны әлемнің үздік 200 университеттерінің қатарына қосылуына қол жеткізу.
<b>3-стратегиялық мақсат:</b>  <b>Ғылыми көшбасшылық</b>  (өзгеріссіз қалады)	Стратегиялық мақсат қалады, фокусты әлем және Қазақстан үшін маңызды тақырыптарға шоғырландыру; дәйексөз алу индексін арттыру.	Стратегиялық мақсат қалады, дәйексөз алу индексін маңызды ету және арттыру және әлем бойынша жетекші зерттеу орталықтарымен байланысты арттыру.
<b>4-стратегиялық мақсат:</b>  <b>Денсаулық сақтаудың интеграцияланған академиялық жүйесінің моделін құру</b>  (өзгеріссіз қалады)	Денсаулық сақтаудың интеграцияланған академиялық жүйесінің (ДБАЖ) толық аяқталған модель – тек Медицина мектептерін ғана емес, бар Университетті қамту.	ДБАЖ қызметін бағалау және КР Үкіметіне бар Қазақстан бойынша ос жүйені іске асыруда көмектесу.
<b>5-стратегиялық мақсат:</b>  <b>Инновациялар және ғылымды өндіріске енгізу</b>  (өзгеріссіз қалады)	Коммерцияландырудың жарқын фазасы: ABC тәжірибелі жаңа базасы.	Инновациялық экожүйені қайта бағалау және коммерцияландыруды белсенді ету.

2018	2024/25	2025–2030
<b>Жаңа стратегиялық мақсаттары:</b> НУ-дың Жоғары қамқоршылық кеңесімен келісу бойынша жаңа стратегиялық мақсаттарды анықтау үшін мүмкіндіктерді мұқият зерттеу.	2050 жылға қойылған мақсаттарға қолжеткізуді талдау және 2030 жылға дейінгі кезең бойынша стратегиялық мақсаттарды анықтау.	Болашаққа жаңа стратегиялық мақсаттарды анықтау.


Бастапқы бес мақсат, кемінде 2024/2025 жылдарға дейін өз күшінде қалуымен қатар, олардың НУ ресурстарында бөлу және басқару кезінде салыстырмалы маңыздылығы өзгеруі ықтимал, Уақыт өте келе Университет екпінді алғашқы стратегиялық мақсаттан – «Қазақстандағы білім беру жүйесін реформалаудағы көшбасшылық» – үшінші және бесінші стратегиялық мақсаттарына «Ғылыми көшбасшылық» және «Инновациялар және ғылымды өндіріске енгізуге» ауыстыруы мүмкін. Білім беру, деңсаулықты және инновациялар реформасы өзінің маңыздылығын сақтайды: сондықтан бұл әзірге бір мақсаттарды екінші мақсаттардың пайдасына ығыстырусыз, екпіндердің орнын ауыстыру.

Төменде біз НУ-дың бес негізгі стратегиялық мақсатын қарастырамыз және олардың әрқайсысы алдағы алты жылда (Стратегияны іске асыру кезеңінің алғашқы жартысы) өзгеруі мүмкін. 2025 жылға таман Қазақстандағы және әлемдегі оқығалар Университеттен өзінің стратегиялық мақсаттарын қайта қарауды талап етеді. Бес мақсаттың 2025 жылға дейін дамуының жалпы бағыттары кейінгі бөлімдерде ашылады.

### БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІН РЕФОРМАЛАУДАҒЫ КӨШБАСШЫЛЫҚ

Әзірge 2025 жылға дейін НУ қазақстандық университеттік жүйесінің шенберінде бірегей мекеме болып қалуы мүмкін. Университеттің елдегі жоғары оқу орындарын қамту үшін барынша күш салуды қажет ететін негізгі міндепті оның ұсынымдарының шындыққа бейімделуі (мысалы, шектеулі ресурстар) болады. 2030 жылға тама Қазақстанда НУ-ға ұқсайтын басқа мекемелер пайда болады. Егер бұл орын алса, НУ өзінің Қазақстаниң университеттік жүйесіндегі рөлін қайта зерделеу қажет болады.

«Білім беру жүйесін реформалаудағы көшбасшылық» стратегиялық мақсатын іске асыруда технологиялар негізгі рөл атқаратын болады. Осы Стратегия кезеңінің алғашқы жартысында моделі «hub and spoke» қағидаты бойынша (7-суретті қараңыз), мұнда Университет байланыстыруышы буын ретінде барлық қазақстандық университеттерді өзіндік «білім өрмегіне» жинайды. Бұл «өрмек» НУ-дың басқа университеттерінің басшылығы мен қызметкерлеріне ұсынатын түрлі оқу курстары және кәсіптік даму бағдарламаларының аркасында ішінara жұмыс жасауда. Қазақстандық университеттерді түпкілікті мәртебесі бірдей (дерлік) университеттердің желісіне қосу, сондай-ақ студенттердің Қазақстандағы ұтқырлығына және көптеген елдер үшін қызықты модель ретінде қарастырылып жатқан студенттердің халықаралық ұтқырлығын кеңейту мүмкіндігін береді. Қазақстанның университеттік жүйесінің дамуына қарай бұл білім желісі кебіне 7-суретке ұқсас болады.



7-сурет. Тұжырымдамалық көрнекілік: НУ-дың басқа қазақстандық университеттермен, сондай-ақ өнірлік (яғни Орта Азиялық) университеттермен өзара байланысы.

Осы мақсаттарға қолжеткізу үшін НУ елдің жоғары білім жүйесіне табыстау үшін сабактарды таңдауда талғампаз болуы тиіс. Университетті басқарудың халықаралық танылған стандарттарын енгізу, оның ішінде қазақстандық түпмәтінде бірлескен басқарудың тұжырымдамасы; университетке академиялқ жетістіктері негізінде қабылдау саясатын бекіту; студенттерді академиялық адалдық пен сынни ойлау дағдыларына баулу – елдегі жоғары білім жүйесіне қатысты сабактардың мысалы, бірақ олар әлдеқайда көп болады. НУ-дың Үкіметке Астанада жаңа IT-университеттерінің құрылуына көмек көрсету бойынша мақсаты Қазақстанның басқа университеттеріне нені беріп, нені бермеу керектігін анықтайтын сынақ аланы болады.

## АКАДЕМИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ФЫЛЫМИ КӨШБАСШЫЛЫҚ

Академиялық және ғылыми көшбасшылық – барлық үздік университеттер үшін негіз. НУ-дың ОПҚ және ғылыми қызметкерлері университет қызметінің осы негізгі салаларында жоғары жаһандық стандарттарына қолжеткізу қабілеттігін көрсетуді жалғастыруы тиіс. Бұрын айтылып өткендей, EUA сарапшылық тобы НУ-дың студенттік, сондай-ақ оқытушы-профессорлар құрамының сапасын жоғары бағалады.

НУ-дың жаңалығы уақыт өте келе жойылатындықтан, дүние жүзі НУ-дан әлемдік стандарттарға сәйкестігін көрсетуді кебірек талап ететін болады. Сондықтан зерттеулер сапасының және Түлектер табыстарының тұрақты өсүі халықаралық танылу мен қалыптасуға қол жеткізу үшін шешуші мәнге ие болады.

Академиялық көшбасшылықта қатысты айтсақ, онда НУ-дың міндеті – 2050 жылғы Қазақстанның пайымдауына қол жеткізу және қоғамның жаңғыруына септігін тигізе отырып, бүгінгі Қазақстанда жұмыс жасау, сондай-ақ ертеңгі органды қалыптастыру үшін түлектердің мүмкіндіктерін кеңейту болып табылады. НУ түлектерінің жұмыс берушілері түлектерді сынни ойлау және мәселелерді шеше білу қабілеті, сондай-ақ НУ түлектері ие болған теориялық білімі, бұған қоса білімін практикада қолдана білу маңыздылығын бағалайды.

НУ ғылым жолында зерттеулер мен инновациялар арасында, сондай-ақ олардың және коммерцияландырудың арасындағы байланысты нығайта отырып, зерттеулер саласында басқарылатын сандардың сыни салмағына қолжеткізу мәселесіне жолыға береді. Осы мақсатта НУ өзінің зерттеушілері мен студенттері үшін ғылыми-зерттеу қызметін қолдауды нығайту және әлем бойынша зерттеу орталықтарымен әріптестікті әрі қарай кеңейту процесінде.

## ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУДЫҢ ИНТЕГРАЦИЯЛАНҒАН АКАДЕМИЯЛЫҚ ЖҮЙЕСІ


НУ-дың медициналық және биомедициналық бағдарламалары көп дәрежеде осы бағдарламалар мен ҚР Денсаулық сақтау министрлігі (ДМ) арасында тұрақты тығыз өзара байланысты зерделей отырып, Қазақстанда денсаулық сақтау жүйесінде реформалар жүргізуге үндеу салынған. НУ-дың Медицина мектебі (ММ) Қазақстанның басқа медицина мектептері үшін үлгі болып табылады. Әлемдік санаттағы дәрігерлердің және мейірбикелердің оқытудан басқа, НУ Қазақстанда медициналық көмек көрсету жүйесін жаңғырту шеңберінде ДМ жұмыс жасайтын болады.

Осыған байланысты келесі жайт алаңдатады: егер сол уақытқа дейін медициналық қызметкерлердің еңбек ақысының деңгейін арттыру туралы мәселені шешу жолдары табылмаса, онда ММ әлемдік стандарттағы дәрігерлер мен медициналық қызметкерлердің дайындалап шығарған кезде, әлемдік нарықтағы жаһандық бәсекелестікті ескере отырып, оны елде ұстап қалуда қызындық тудыруы мүмкін. Қазақстандық Жастардың білім беру порталындағы кейінгі есепке сәйкес еңбекақы бойынша мамандықтардың рейтингі талқыланды: «...медицина...[Қазақстанда] ең тәмен жалақысы бар сектор болып табылады». Қазақстандағы медицина мамандығы қызметкерлерінің еңбекақысының деңгейі басқа елдердегі осындай деңгеймен контраст құрайды.

2025 жылға НУ-дың денсаулық сақтау және биомедицина саласындағы бағдарламалары толық жұмыс жасайтын денсаулық сақтаудың интеграцияланған академиялық жүйесіне (ДИАЖ) айналады, ол тек қана ММ және University Medical Center (UMC) ғана емес, сондай-ақ НУ-дың басқа мектептерімен және зерттеу орталықтарымен байланысты болады.

## ИННОВАЦИЯЛАР ЖӘНЕ ҒЫЛЫМДЫ ӨНДІРІСКЕ ЕҢГІЗУ

НУ-дың алда тұрған басқа міндеттерден инновациялар бойынша міндеттерді орындау сын-тегеуіндері, сондай-ақ маңыздылығы бойынша тізімде алғашқылардың қатарында тұрады. Бұл НУ-дың студенттерін және басқа жастарды орынды тәуекелдерді қабылдауға және сәтсіздік жағдайында төзе білуге үйрену бойынша жұмыстарды жалғастырудың маңыздылығын білдіреді. Мәселен, оқуға түсү кезінде конкурстық іріктеуден өткен студенттеріміз сәтсіздік концепциясына осалдау болады. Сондықтан НУ-дың ОПК және қызметкерлері тұрақты негізде студенттердің академиялық көзқарас тұрғысынан сәтсіздіктер қабылданбайтын болса, онда инновациялар немесе кәсіпкерлікке мұның қатысы жоқ. 8-суретте НУ-дың Инновациялық кластерінің негізгі элементтері берілген.



8-сурет. НУ инновацияларының экожүйесі

НУ-да кластердің дерлік барлық элементтері орнатылған. Жалғыз құраушысы жоқ – НУ-дың Фылыми паркін, яғни Astana Business Campus (ABC) физикалық іске асыру. Осыған қарамастан жоба дайындалды, ал ABC-ны қаржыландыру сын-тегеруін болып табылады. Бүгінде қаралатын нұсқалар толық мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын модельден бастап кеңінен қатысатын жеке сектордың (әзірлеушілердің) моделіне дейін түрлене алады.

## 6. НУ-ДЫҢ БОЛАШАҒЫ

Әрі қарай осы Стратегияның екі уақыт кесінділерінде НУ-дың мақсатты индикаторларына шолу берілген: 2018–2024/25 жылдар және 2025–2030 жылдар (5-кестені қараңыз).

5-кесте. НУ-дың мақсатты индикаторларына шолу: 2018–2024/25 жылдар және 2025–2030 жылдар

Тақырып	K 2024/2025	K 2030
Студенттердің саны	«Фаундейшн»: 500  Бакалавриат: 5 200  Магистратура: 1 900  PhD: 450  Барлығы: 8 050	10000 студентке дейін
Студенттер: Интернационалданыру	Бакалавриат: 5%  Магистратура және PhD: 20%  Барлығы: 9–10%	Бакалавриат: 10%  Магистратура және PhD: 25%  Барлығы: 12–15%
Зерттеулер – зерттеу ресурстарына сұраныс құрт өседі	Дәйектелу индексі: > 1.6  Бюджет*: жылyna 250 миллион АҚШ доллары	Дәйектелу индексі: >2.0  Бюджет*: жылyna 500 миллион АҚШ доллары
Аkkreditteу	Бағдарламалық аккредиттеу бағдарлама деңгейінде	Институционалдық аккредиттеу
Инновациялар және коммерцияланыру	Толық функционалдық экожүйе; НУ коммерцияланыруды қолдауды сынау және дамыту;	Кембридж феноменінен үлгі алу**; ABC толық көлемде коммерцияланыру
ОПК (саны) ***	620	770
Инфрақұрылым	Қажеттілік шамасына қарай	Қажеттілік шамасына қарай
Бюджет: мөлшер	Қажеттілік шамасына қарай	Қажеттілік шамасына қарай
Зерттеу бюджеті: дереккөздері (% мем.)	80 пайыз	70 пайыз
Жаһандық рейтинг	Бұл кезеңге қатыспайды	Үздік 200

\* ЖІӨ-нің шамамен 5% өсуін және Қазақстанда зерттеулер мен әзірленімдердің шығындарын қазіргі 0,17% ЖІӨ-нен 2025 жылға қарай 1% дейін және 2030 жылға қарай

1,5–1,7% дейін арттыруды шамалайды. Бұл жағдайда, НУ-дың зерттеулерге бюджеттік өтінімі лимиттен аспайды.

\*\* Кембридж 1999 жылдан бастап оны жыл ішінде коммерцияландырудың күшті бағдарламасын әзірлейтінімен танылады.

\*\*\* Студеттер мен ОПҚ-ның 13/1 қатынасына негізделеді. НУ 10:1 қатынасын ұстап тұруға тырысады, бірақ бұл үшін жылына шамамен 7 миллион АҚШ доллары қажет болуы мүмкін. Бұл фаундайшин ОПҚ қамтымайды. ОПҚ мен студенттердің онтайлы қатынасы оқыту әдісі және зерттеулер жүргізуге, оның ішінде цифрлық оку аудиторияларын пайдалануға тәуелді.

Әрі қарай бұл бағдарларды толығырақ қарастырамыз.

## **2025 ЖЫЛҒА ҚАРАЙ:**

НУ әлемнің үздік университеттерінің жоғары деңгейіне сай болатын дамушы елдердің және Орталық Азия елдерінің арасында жетекші білім беру және ғылыми-зерттеу мекемесі ретінде халықаралық танылады. Осы уақытқа дейін Университет толық қалыптасқанға дейін және жоғары деңгейдегі халықаралық нарықта бәсекеге қабілетті болмай тұрып, кері имиджді қалыптастырмау үшін халықаралық рейтингілерге қатысады жоспарламайды. Осылайша, рейтингілерге қатысты Стратегияны іске асырудың кейінгі кезеңдеріне ығыстырылды (2030 жылға таман). Басшылыққа және Қамқоршылық кеңеске университеттің халықаралық рейтингілеріне қатысу перспективаларын бағалау үшін 200 жетекші халықаралық университеттерге зерттеу жүргізіледі.

Университет студенттерінің көрсеткіші бүгінгі қынге қарағанда екі есе артық студент (8000) болады.

НУ-да елеулі ғылыми жаңалықтары мен өнертабыстары үшін жағдай жасайтын белсенді инновациялық және кәсіпкерлік мәдениет қалыптастырылған. НУ-да көптеген табысты мекемелер құрылады және Қазақстанның және әлемнің азаматтары НУ-ды жаңа бизнес пен инновацияларды құру орталығы ретінде көреді. Университет өз зерттеулерінің нәтижелерін коммерцияландыру мақсатында өнеркәсіппен қарқынды әріптестік орнатады<sup>5</sup>.

НУ-дың Медициналық кешені Қазақстандағы денсаулық сақтау жүйесін жаңғыртудың флагманына айналатын толыққанды интеграцияланған жүйеге айналады. Университеттің Медицина мектебі әлемдік нарықта бәсекелес бола алатын дәрігерлерді, мейірбикелерді, ғылыми қызметкерлерді және денсаулық сақтаудың кәсіпқойларын дайындайды. НУ-дың медициналық жүйесі тек Қазақстан халқына емес, бар әлемге пайdasы тиетін жетекші іргелі және қолданбалы зерттеулер жүргізеді. Бұл атрибуттар Астанада медициналық туризмді, әсіресе көрші аймақтарда арттыруға әкеледі, сондай-ақ бизнестің жаңа бағыттарын дамытуға септігін тигізеді.

## **2030 ЖЫЛҒА ҚАРАЙ:**

НУ әлемнің үздік 200 университеттерінің бірі ретінде нық қалыптасады. Университет оқытуда, ғылыми зерттеулер мен инновацияларда кемелдіктің әлемде танылған орталығына айналады.

ABC жүйесі қарқынды қызмет жүргізеді және Университеттің артып келе жатқан стартаптарының катализаторына айналады. Өнірлік және қазақстандық бизнес-көшбасшылар

<sup>5</sup> Университеттер мен өнеркәсіптің кейбір кейінгі табысты мысалдарымен танысу үшін «INDUSTRY-UNIVERSITY PARTNERSHIPS WORK Lessons from successful collaborations», AISBL Ғылыми, Бизнес – Инновациялық кеңесінің тапсырысы бойынша есеп (2012 ж.).

НУ-ды техникалық және бизнес-міндеттерін шешу үшін негізгі алғашқы ресурсы, сондай-ақ бизнестің жана бағыттарын дамыту үшін белсенді және сенімді әріптестік ретінде қабылдайтын болады. Университет Қазақстанның пайдалы қазбаларды өндіруде және басқа өндіруші салаларда әлемдік көшбасшы болуға ұмтылышын қолдайды.

НУ қоғамға қажетті PhD докторанттары мен ғалымдарын дайындалап қана қоймай, ел экономикасын әртараптандыруға және азаматтарды жұмыспен қамтамасыз етуге қабілетті өнертапқыштар мен кәсіпкерлерді, сондай-ақ мемлекеттік қызметкерлер мен басқарушыларды дайындаиды.

НУ Стратегиясының осы кезеңінің аяқталу сонына қарай оның тұлектері өнірлік және әлемдік қоғамдастықты дамытуға септігін тигізе отырып, «Қазақстан 2050» Стратегиясының мақсаттарына қолжеткізу бойынша жұмысты басқаруға қабілетті ғылымдағы, мемлекеттік басқарудағы, азаматтық қоғамдағы көшбасшыларға айналады.

## 7. НУ-ДЫҢ БӨЛІМШЕЛЕРІ АРАСЫНДА БІРЛІК СЕЗІМІН НЫГАЙТУ

НУ-дың түрлі бөлімшелері ұсынған бұл Стратегияның ұсынымдарын қарау кезінде (есеп В қосымшасында берілген) Стратегияны іске асырудың жақындағы кезеңі бойынша тағы бір міндеті анықталды: Университеттің құрылымдық бөлімшелері арасында байланысты нығайту. Әлемнің жетекші университеттерінің тәжірибесі «бүтін оның бөлшектерінің жиынтығынан артық» деген пайымдаудың негізділігін көрсетеді.

Мәселен, Университет жана мектептер мен зертханаларды құру қажеттігіне қарай жеке бөлшектерден құрылды. Ал стратегиялық әріптестері позицияларды қалай да болса оқшаулаудан алып қалуды болдырмау қажеттігін ескертті. Ал НУ оқшаулаудан қорғау «қабырғалары» төмен болып қалады, дегенмен бар және Университет бұл мәселе бойынша қажетті шараларды қабылдауға қабілетті.

Осыған байланысты жуық онжылдықта университеттің бірлік сезімін нығайту және пәнаралық зерттеулерді ынталандыру мақсатында түрлі элементтердің ұйымшылдығын күштейтеді<sup>6</sup>. Мұндай ұйымдасу пәнаралық зерттеулердің шенберінде мектептер мен зертханалардың әріптестігіне ынталандыруды нығайтуға дейін тиімділігін арттыру мақсатында қайта құрылымдаудан түрлере алады. Басқа біркітіруші құрал 2018 жылдың күз айында енгізілетін негізгі пәндердің бірыңғай бағдарламасына айналады.

Осыған қарамастаң, НУ-дың толық әлеуетіне қолжеткізу үшін әріптестік бойынша күш салу құрылымдық өзгерістердің шегінен тыс шығады және пәнаралық әріптестік мәдениетін дамытуда көрініс табады. Сол кезде ғана көпсалалы зерттеулер күнделіктіге айналады.

## 8. ЕСЕПТІЛІК

НУ-дың құрылу сәтінен оған мемлекеттік қаржының елеулі көлемі инвестицияланады. Университет тиімділіктің негізгі көрсеткіштері (5-кестесін қараңыз) және жылдан жылға түрақты дамуы бойынша есеп беруі тиіс. Бұл Стратегияның шенберінде НУ өзінің дамуының

<sup>6</sup> Университеттердегі пәнаралық зерттеулерді ілгерілету бойынша анықтама үшін Ұлттық академия ғылымдарының пәнаралық зерттеулерін дамытуда көмек көрсету жөнінегі комитеттің, Ұлттық инженерия академиясының, Медицина институтының «Facilitating Interdisciplinary Research» қараңыз (2005 ж., 171–185бб.).

барлық негізгі аспектілері бойынша 2025 жылға дейін және әрі қарай үлкен қарқындылықпен 2030 жылға дейін өседі.

Бұгінде НУ әлемдік рейтингідегі 200 үздік университеттердің қатарына қашан кіретінін болжаяу әлі қыын, бірақ Университет рейтингісі ЖОО-лардың әлемдік рейтингісіне кірген соң әр жыл сайын болмаса да, әр бес жыл сайын артады деп болжандуа. Ғылыми жарияланымдар, инновациялар және патенттермен дәл осылай: НУ барлық осы көрсеткіштерді тұрақты жақсартуларды есепке алып отыру керек. Тиімділіктің негізгі көрсеткіші Тұлектердің сапасы болатыны сөзсіз.

НУ халықаралық және ұлттық тәжірибелі үйлестіру, сондай-ақ ҚР Үкіметімен өзара байланысу арқылы есептіліктің жаңа жүйесін әзірлей алады. НУ-дың мемлекеттік қолдауға тәуелді кейбір стратегиялық әріптестерінің тәжірибесі осы құрделі мәселелерді бағдарлауда пайдалы болуы мүмкін (мысалы, АҚШ университеттерінің «жер гранттары»).

## 9. СЫН-ТЕГЕУРІНДЕР

Әлемдік санаттағы университеттің құру мақсатын қойған кез келген ел көптеген сын -қатерлерге ұшырайды. Джамиль Салми өзінің «Әлемдік санаттағы университеттердің құру» кітабында 14 әлеуетті тұзақты келтіреді (бұл тұзақтардың түйіндемесі Е қосымшасында берілді). Көбіне, Университет өзінің әрекет етуінің алғашқы сегіз жылында бұл күтпеген кедергілерден құтылып, еңсере алды. Дегенмен, олар әлі де әрі қарай дамуында және жаңа сын-тегеуріндері пайда болған кезде неден қауіптену керектігін еске салады.

### НУ-ДЫҢ СТРАТЕГИЯНЫ ІСКЕ АСЫРУДЫҢ АҒЫМДАҒЫ КЕЗЕҢІНДЕГІ СЫН-ТЕГЕУРІНДЕРІ

НУ-дың Жоғары басшылығы Университеттің күтіп тұрған болашақ сын-тегеуріндерді анықтау мақсатында «SWOT» талдау (күшті жақтары, әлсіз жақтары, мүмкіндіктері мен қауіп-қатерлері) жүргізді. Талдау нәтижелері А қосымшасында берілген.

**Осы:** НУ студенттерінің санын: 2025 жылға дейін 4000 студенттен 8000 студентке дейін екі есе өсіруді жоспарлады. Бұл жоспарланған өсу оқытушылардың, қызметкерлердің және НУ материалдық-техникалық базасының сәйкестігін қамтамасыз ету, студенттерді қабылдау кезінде меритократияны сақтау және саны емес сапасына екпін жасау секілді көптеген міндеттердің пайда болу себебіне айналады.

**Позициялау:** Кеңес Үкіметі тараған соң Қазақстан Орталық Азияда басқа посткенестік республикалар үшін экономикалық прогрестің, тұрақтылық пен жаһанданудың моделіне айналды.

НУ Орталық Азияның дамып келе жатқан жаһандық және геосаяси деңгейде позициялауға тұра келеді. Қазақстан және НУ осы өзгерістерге әсер ету үшін көшбасшылық позицияда тұр. Сондықтан өнірдегі басқа университеттер тарапынан бәсекелестікті ескере отырып, НУ мемлекеттік тарапынан қолдау кезінде аймақта анағұрлым белсенді рөлді атқару үшін не істеу керек? деген мәселе туындейды. НУ-дың Азия университеттерінің альянсында мүшелік етуі осы мақсатқа жетудің қадамы болып табылады. Алайда бұл бағытта жұмысты жалғастыру қажет. Мәселен, Университеттің Жоғары мемлекеттік саясат мектебі (ЖМСМ) сияқты кейбір мектептері Орталық Азия және Кавказ елдерімен әріптестікке шыға бастады және басқалары осы мысалды ұстанатын болады.

**Жалпы пайымдауы және құндылықтары:** НУ университеттік қоғамдастықтың мүшелері (басшылық, ОПҚ, ғылыми жұмыскерлер мен қызметкерлер) әлемдік санаттағы университет туралы бірынғай түсінігі бола отырып, жалпы пайымдауға қолжеткізу және жалпы құндылықтарын қалыптастыру бойынша жұмысты қамтамасыз етулері керек. Жалпы пайымдауға қолжеткізу НУ-да қолайлы атмосфера құру үшін үлкен мәнге ие және ол құндылықтарға, құрметке, сенімге, ашықтық пен есептілікке негізделеді. Барлық мекемелердегі сияқты институционалдық мәдениеттің барлық элементтерін университеттік қоғамдастыққа дейін жеткізу басшылықтан басталуы керек.

**НУ басқару құрылымының нығайту:** НУ-дың қамқоршылық кеңесі және «бірлескен басқару» тұжырымдамасы университет дамуының негізгі аспектісі болып табылады. Тәуелсіз мүшелердің қамқоршылық кеңес құрамына қатысуы осындай дамуға септігін тигізуі мүмкін. Оқытушылар мен зерттеушілер университетке жетекшілік етуге қатысатын бірлескен басқару барлық жетекші университеттер үшін ортақ қасиет болып табылады. Ал шешім қабылдауышы қөптеген шешімдер оқытушыларды, зерттеушілерді және студенттердің өкілдерін қамтиды, НУ университетті басқаруда қатысады кеңейтудің ары қарайғы әдістерін қарастырады.

**Қалған мәдени серпілістің еңсеру:** Жаңа халықаралық деңгейдегі университеттің құру кез келген ел үшін күрделі міндет. Стратегияны іске асырудың осы кезеңінде Университет мәдениеттің қоятын біршама сын-қатерлерін еңсеруі тиіс. НУ-дың оқытушы-профессорлар құрамы негізінен халықаралық, ал әкімшілік персоналды – жергілікті болу фактісі түсінбеушіліктердің салдарынан кейбір қайшылықтарды тудыруы мүмкін. Университеттің сенімге, құрметке және ортақ мақсат сезіміне негізделген күшті командалық рухы мәдени айырмашылықты женуге көмектесе алады.

**Бюрократтық және сөзбүйдалық:** Барлық университеттер мемлекеттік бюрократияға тап болады және НУ бұл қағиданы айналып өткен жоқ. НУ-дың халықаралық оқытушылардың және жергілікті әкімшілік персоналдың өзара байланысынан тұратын ішкі бюрократиясы ОПҚ-да шиеленусішілікті тудырады. Бұл шиеленісүдің пайда болу себебі оқытушылар әкімшілік персоналдың бюрократиялық шектеулер шартында жұмыс жасайтынын және бұл ережелерді бұзудың салдарынан түсінбейді, ал әкімшілік-басқару персоналы оқытушылардың бюрократиясын түсінбейді.

**Зерттеулер:** Халықаралық деңгейде бәсекеге қабілетті болу үшін НУ-да жарияланған зерттеулер озық, серпілісті болуы керек және танымал журналдарда жариялануы тиіс. НУ-дың зерттеу бағдарламалары жетілгеніне қарай өзін қарқынды озық жаһандық ғылыми-зерттеу орталықтарымен байланыстыруды бастау керек. Заманауи әлемде үздік ғылыми нәтижелер пәндердің көпшілігі бойынша үздік ғылыми нәтижелерге ғалымдар қолжеткізеді, сондықтан НУ-дың зерттеушілері өз білім саласында танылған жаһандық команданың мүшесі болуға тырысуы керек. НУ әріптестері осы мақсатқа қолжеткізуде қолдауышы рөлді атқаруы мүмкін.

Сонымен бірге НУ «Қазакстан – 2050» стратегиясының пайымдауына қолжеткізуге септігін тигізу үшін Қазақстанның модернизациясы мен өсуіне үлесін қосуға борышты. Бұл үшін НУ Қазақстан үшін басым бағыттарға зерттеу дағдыларын қолдануы тиіс. Басқа қазақстандық университеттермен және ғылыми-зерттеу орталықтарымен әріптестікті дамыту маңызды. Дегенмен, НУ-дың елдің болашағына қосатын негізгі үлесі – ол болашақ көшбасшыларды дайындау.

НУ-дың білім беру және зерттеу ландшафттарының екі қарқынды дамушы элементтері бұл докторантуралар және постдокторантуралар бағдарламалары. Енді біз НУ баклаврлары халықаралық деңгейде бәсекеге қабілетті деп айта аламыз, бірақ олардың озық әлемдік университеттерінің мәдениеттінде «өмір сүруі» маңызды. Сондықтан біз түлектерімізді

окуын шетелде жалғастыруға шақырамыз. Оқу аяқталған соң олардың және басқа дарынды түлектеріміздің Қазақстанның дамуына өз үлесін қосқанын қалаймыз.

Яғни, НУ шетелдік студенттерді тарту және пост-докторлық зерттеу лауазымдарын санын арттыру үшін жоғары сапалы PhD бағдарламаларының тізімін толықтыру керек. НУ жақында бар кампус ауқымында зерттеу мәдениетін дамытуды жеделдету, сондай-ақ біздің студенттерге еліктеу үшін үлгілерді құру, тартымты шарттар (қаржылық және ғылыми-зерттеу мүмкіндіктері) жасау арқылы қайтқан дисапораларды тарту мақсатында пост-докторлардың лауазымдарын арттыруды.

Осылайша, НУ үшін, сондай-ақ басқа қазақстандық университеттер үшін әлеуетті ОПҚ дайындалған шығарады. Постдокторанттар сондай-ақ ОПҚ зерттеулерін қолдайтын болады. НУ-дың Қазақстаннан елеулі диаспорасы бар орындарда орналасқан өкілдік оғистерді ұсынылған дамыту, сондай-ақ кандидаттарды тарту бойынша тұрақты арнаны дамыту көмегін тигізетін еді.

**Назарды шоғырландыру:** Алдыңғы онжылдықтағы негізгі міндет НУ-дың негізінен халықаралық аренадағы «брендін» дайындау. НУ салыстырмалы артықшылық салаларына екпін жасап және сыни салмақ құруға өз ресурстарын шоғырландыру арқылы өзінің деңгейін анықтайды. Бастапқыда бұл зерттеу міндетті болғанымен, олар қызметтіміздің басқа салаларына жылдам өтеді. Осылайша, шоғырландыру проблемасын шешу әлем және Қазақстан үшін үлкен мәнге ие зерттеулердің негізгі тақырыптарының басқарылатын саны болсын, НУ-дың Стартегиялық мақсаттары болсын нығаюды білдіреді.

**Адам әлеуетін дамыту:** Университеттер – бұл адам капиталын дамыту дегенді білдіреді. Студенттер ортағы орында тұрганымен, біліктілігі жоғары оқытушыларды, зерттеушілерді және жоғары санатты әкімшілік-басқару персоналын дамыту және ұстап тұру НУ-дың болашақ өсуі мен дамуы үшін маңызды орын алады.

**Персоналды дамыту:** НУ-дың оқытушылар-профессорлар құрамы көбіне шетелдік болуы мүмкін, бірақ ол тиісті жетекші лауазымдарға дейін өсе алатын жоғары білікті Қазақстан азаматтарын жалдауды жалғастырады. Мұндағы сын-тегеурін – НУ-дың жалдау жоғары талаптарына сай келетін қазақстандық ОПҚ және ғылыми қызметкерлер, әдетте, жұмыс істейді және шетелдік жетекші университеттерде орнықкан, бұл оларды тартууды қатты қынданатады. Бірақ осыған қарамастан қазақстандық диаспораны тарту бойынша жұмыстарды жалғастыру қызметтің маңызды бағытына айналады. Академиялық салада қазақстандық диаспорасы көп шоғырланған өнірлерде НУ-дың өкілдік оғистерін құру бойынша жоспарды іске асыруда. НУ 2018 немесе 2019 жылы Солтүстік Калифорнияда шығанақ аймағында өзінің алғашқы өкілдік офисін ашуды жоспарлад отыр.

Сонымен бірге НУ-да жұмыс жасайтын біліктілігі жоғары жергілікті персоналды әрі қарай дамыту және тұрақтандыру НУ-дың және мемлекеттік мұддесінде. Осыған байланысты НУ өзінің персоналын дамыту бағдарламасын, оның ішінде қызметтік өсу бағыттарын күштейтеді. Нәтижесінде, ең үздіктері және қабілеттілері НУ үшін ғана емес, Қазақстанның басқа жоғары оқу орындары үшін кадрлық резервті қалыптастырудың негізін қалайды. Бұл персоналды дамыту жөніндегі бағыт дарындарды дамыту және қайта дайындау бойынша белсенді бағдарламаны қамтитын болады.

Халықаралық ОПҚ-ға келетін болса, онда НУ жаңа оқытушыларды Университеттің және Қазақстанның ерекшеліктеріне бейімдеу бойынша жетілдірілген кәсіптік даму бағдарламасын іске қосуды жоспарлад отыр. Бұл жетілдірілген бағдарлама жұмысты бастау және НУ қоғамдастығын жылдам біріктіруді қамтамасыз ету үшін айқын түсінік береді. 50-ден

артық елден келген ОПҚ үшін мұндай дайындық НУ қоғамдастығының барлық мүшелері оның негізгі құндылықтарын тануы және қамтуы үшін қамтамасыз етілуі қажет.

**ОПҚ-ны тұрақтандыру:** НУ-дың бастапқы даму қарқыны жаңа ОПҚ мен персоналды жалдауға көп уақыт және ресурстарды бөлуімізге байланысты болды. Бірақ бұдан әрі НУ жалдаудан тұрақтандыруға екпін жасайтын үйлесімді тәсілді қабылдайды.

Университет мерзімсіз жалға алу жүйесін құрмай, олардың ұзақтығын кезеңмен арттыратын белгілі мерзімі бар шартты пайдалануға шешім қабылдады. Бұл шешім кез келген елдегі жаңа университет тұрақтандырығысы келетін оқытушылар құрамын қалыптастыру үшін қабылдауды өте көп жүргізу қажеттігін танығанын көрсетеді. Жалданатын ОПҚ сапасының үздіксіз артуы негізінен ғылыми қызмет үшін осы тәсілдің дұрыстығын раставы.

Алайда, біліктілігі жеткіліксіз оқытушыларды ұзақ мерзімге жұмысқа алудан қорғанысты қамтамасыз ететін шарттардың бастапқы мерзімінің салыстырмалы түрде қысқа болуы Университеттің ОПҚ мүшелеріне кепілдіктер бермейді, керісінше оларға жалдаудың бастапқы кезеңінде НУ-дан кейін жұмыс іздеу үшін себеп болатыны да анық. Бұл НУ-ды бәсекелестікке мәжбүрлей отырып, ОПҚ-ның үздік мүшелеріне басқа университеттердің назар аударуына әкелуі сөзсіз. Оқығалардың осындаи дамуын үздік оқытушыларға НУ тарарапынан ұзақ мерзімді қызығушылықтың белгілерін ертерек білдіру арқылы болдырмауға болады. Университет шарттардың мерзімдері бойынша өте икемді әкімшілендіру нұсқаларын игеруде.

**Қаржылар:** НУ университет үшін қаржылық қауіпсіздік пен икемділікті қамтамасыз ету, сондай-ақ қазақстандық бюджетке жүктемені төмендету үшін осы Стратегияны іске асырудың мерзімі ішінде тәуелсіз қаржылық негізді құруы тиіс. НУ мыналарды қамтуы мүмкін әртүрлі табыс көздерін қалыптастыруға бағытталады:

- i. Оқу ақысы;
- ii. Ғылыми гранттар;
- iii. Экономикалық қызметтен (патенттерге және өнертабыстарға лицензиялық төлемдер немесе оларды сату) және өнеркәсіптік әріптестіктен түсетін табыс;
- iv. Оқу бітірушілердің жарнасынан түсетін табыс және эндаумент қорынан түсетін нұктелі түсімдер.

НУ студенттері санының жоспарлы өсуі түпмәтінінде ҚР Үкіметінен біздің университеттің студенттері үшін гранттар санын арттыруды құту дұрыс және орынды деп айта алмаймыз. Осыған байланысты оқу төлемінің табысы анағұрлым маңызды рөл атқаруы тиіс. НУ оқу төлемдерін (құнын) төлеу мәселелерін академиялық жетістіктерге негізделген қабылдау саясатын ұстана отырып, Университеттің бәсекеге қабілеттігін қамтамасыз ететіндей басқаруы тиіс. Қажеттіліктер негізінде тиімді стипендиялық бағдарлама қабылдаудың тиісті қағидаттарына сай келетін, Қазақстанның барлық азаматтары әлеуметтік және экономикалық мәртебесіне қарамастан конкурсқа қатыса алатынына кепілдік береді және НУ-дың «әлеуметтік лифтінің» функцияларын қолдау үшін мұқтаж студенттерге қаржылық көмек көрсетеді.

**НУ-дың бұл бағыттагы басым міндеттері:** Қазақстанда «мұқтаждарды» анықтаудың тиімді және практикалық әдістерін игеру, сондай-ақ ҚР Үкіметімен бір студентке берілетін белгіленген сома түрінде емес, мақсатты субсидия түрінде грантты ұсыну бойынша келісімге келу. Бұл өзгеріс грант қаржысын анағұрлым сараланған және ұтымды пайдалану жүйесін құруға мүмкіндік береді.

НУ Қазақстанның ішінде және оның шегінен тыс мемлекеттік емес көздерден ғылыми гранттарды іздестіруге барынша күш салады. Университеттің сыртқы гранттарды тарту

мүмкіндігі оның беделіне және НУ оқытушылары мен ғылыми қызметкерлерінің сыртқы жетекші зерттеушілермен ынтымақтастық орната білу қабілетіне байланысты болады. Университеттің оқуға тұсу және оқудан шығару кезінде академиялық сінірліген еңбекке негізделген жүйесіне берік сенімі, сондай-ақ оның түлектерінің табыстылығы және оқытушылары мен ғылыми қызметкерлерінің ғылыми нәтижелері үшін өте маңызды фактор болып табылады.

Оқытушылардың және ғылыми қызметкерлердің келісімшарттық зерттеулер және НУ ғылыми жұмысының нәтижелеріне лицензия беру арқылы өнеркәсіппен және бизнеспен ынтымақтастықты арттыру бойынша белсенділігі көтермеленеді. Astana Business Campus осы бағытта үдемелі рөлді атқаруы тиіс. Бұл бастамада НУ-дың Жоғары бизнес мектебінің (ЖБМ) халықаралық консультациялық қеңесі ретінде Astana Business Campus іске қосылатыны күтілуде.

Университетке берілген оқу бітірушілердің артып келе жатқан тобы НУ-дың болашақтағы қаржылық тұрақтылығының маңызды құраушысы болып табылады. Оқу бітірушілердің бейілді тобын құру көп уақыт пен ресурстарды қажет етеді, бірақ оқу бітірушілер негізінен үздіксіз оқу бағдарламасын ұсынатын НУ-дың олардың мансаптық ұмтылыстары үшін өзекті болып қалатынын көрүі керек. Қайырымдылық көмекті арттыру Қазақстанның Салық кодексінің нормаларын қайта қарауды қажет етуі мүмкін.

Сонымен бірге, НУ қорының эндаументы ұқыптылықпен және ақылмен пайдаланылуы керек, себебі елде университеттік эндаument қорына жарналарды ұсынуды қалыптастыру мәдениетін құру, сондай-ақ НУ-дың оқу бітірушілеріне осынданай корды құруға (қайта құруға) бағытталған қаржыны жинақтау үшін уақыт талап етіледі.

Жоғарыда аталған бағыттар бойынша жұмсалған барлық күштерге қарамастан, НУ-ға алдағы жылдары КР Үкіметі тарапынан қаржылық құйылымдар қажет болады. Алайда, баламалы көздерді біртіндеп арттыру Университеттің оның әлеуетін толық ашу үшін мүмкіндіктерін елеулі арттырады.

**Студенттік контингентті интернационалдандыру:** Келесі онжылдықта НУ-дың маңызды міндеті студенттерді әртараптандыру және интернационалдандыру маңызды міндет болады, себебі оның оқу бітірушілеріне анағұрлым жаһанданған әлемдегі Қазақстанды басқаруға және жаһандық мәселелерді шешуге көмек көрсетуге тұра келеді. Өнірлік көшбасшылықты орнату мақсатында НУ басқа Орталық Азия елдерінен келген үздік студенттерді қамтитын студенттердің контингентін құруы тиіс. Жаһанданушы әлемде сенімділікпен жұмыс жасау үшін НУ студенттері басқа мәдениеттер мен елдерден келген құрдастарымен бірге оқып, өмір сүруі керек. Осыған байланысты Университет өз алдына шетелдік студенттердің санын арттыру бойынша өршіл мақсат қояды: бүгінгі таңда бір пайыздан кем санды 2025 жылға қарай 10%-ке дейін және 2030 жылға қарай 12%-ке дейін өсіру.

Интернационалдандыруды дамыту елеулі гранттық қолданатын құрделі атаулы маркетингтік бағдарламаны құруды қажет етеді (толық ақпарат алу үшін F қосымшасын қараңыз). Насихаттау бойынша жұмыс сондай-ақ Қазақстанды Орталық Азиядағы білім беру орталығы ретінде таныту мақсатында шетелдік студенттер үшін тартымды имидж құру және жағдай жасауда мемлекеттік органдармен және басқа да жетекші қазақстандық университеттермен ынтымақтастықты және тұрақты консультациялар жүргізуі талап етеді.

**НУ құрылымы:** НУ-дың ағымдағы ұйымдық құрылымы – әртүрлі мектептер мен зертханалардың жүйесі – оның дамуындағы алғашқы және дәстүрлі қадамы болды. Алайда, НУ-дың жана өсу фазасына кіру шамасына қарай НУ басшылығында келесі мәселелерді шешу кезінде шаралардың жүйесі болуы керек:

- a. НУ мектептерінің ағымдағы құрылымы озық және ең тиімді болып табылады ма? Қандай принциптер НУ-дың болашақ құрылымына қатысты шешімдердің негізінде болуы тиіс?
- b. Цифрлық революция НУ-дың ұйымдық құрылымына қалай және қашан әсер етеді?
- c. НУ-дың күшті пәнаралық зерттеу бағдарламаларын құру бойынша басымдығына байланысты қандай ұйымдық салдары бар<sup>7</sup>?
- d. Төмендегі мәселелер бойынша қай ұстанымдар анықтаушы болады:
  - i. Университеттің филиалдарын құру
  - ii. Қосымша мектептерді құру және
  - iii. Жұмыс істеп тұрған мектептерді сақтау немесе біріктіру?

Казакстанда жоғары білім беру ұйымдарының саны көп болғандықтан, 2025 жылға дейінгі кезеңде жергілікті филиалды құру тиімсіз болып табылады. Өзара тиімділіктің негізінде елдің жетекші университеттерімен байланысты өзара қарым-қатынасты күштейтуге және әріптестік қатынастарды құруға басымдық беріледі. Мұндай бағдарлама жоғарыда айтылғандай («білімнің цифрлық желісі») цирфлық негізде құрылуы мүмкін, мұнда НУ орталық буын болады. Бұрын айтылып кеткендей, НУ өзіне тарту және олармен әріптестік орнату мақсатында диспораның көп бөлігінің қатысуымен өнірлерде өкілдік оғистерді құруды жоспарлап отыр. Бұл өкілдік оғистер бірнеше мақсатта қызмет етеді және уақыт өте келе НУ-дың халықаралық филиалына айналуы мүмкін.

НУ қосымша мектептер ашу туралы мәселені қабылдау кезінде сұранысты және осындай елеулі бастамаларының қажеттігін қарастырады, бірақ бүгінгі таңда біз бірінші кезекте мектептердің жұмыс жасайтын құрылымына сай болуын бағалаймыз. НУ студенттерінің санын жоспарлы стратегиялық арттыру кезінде жинақы университет болып қалады және әрдайым өз-өзіне: аралық пәндер арасында синергияны қамтамасу ету үшін жеткілікі сынни жиынтығы болады ма, сондай-ақ оқшаулықты тудыруға қарсы тұра ала ма деген сұрақтарға жауап беруі тиіс.

Елеулі ұйымдық және құрылымдық өзгерістер болатын сала НУ-дың инновациялық кластерімен, коммерцияландырумен және тиісті экожүйемен байланысты. Стартаптарды ілгерілету бойынша іс-шаралардың саны мен жиілігі артты және оларға студенттер, сондай-ақ сырттан тартылған жас кәсіпкерлер де елеулі қызығушылықпен және энтузиазммен өте көп қатысады. НУ оның IT коворкингі ауданын кеңейтуді, сондай-ақ цифрлық стартаптар үшін инкубатор және акселератор функцияларын көрмеден кейін падалану аясында ЭКСПО аумағына көшіруді ұсынды, бұл ретте инжирингтік және зертханалық бағытталған жобалар үшін осындай функцияларды Университет аумағында қалдырды. Одан әрі даму кампус ABC-және аумағында НИОКР және өндіріс бойынша компаниялардың тәжірибелік объектілерін құру күтілуде. Пәнаралық міндеттерді және өнімді әзірлеу бойынша қабілеттікті шешуде саналылықты қалыптастыру мақсатында студенттер үшін дизайн орталығын құру үшін корпоративтік демеушілік шеңберінде қарожат іздестіріледі.

НУ-дың әріптестермен өзара қарым-қатынасының эволюциясы: Біздің стратегиялық әріптестеріміз НУ үшін оның құрылған күніне бастап дамуының ажырамас және шекті құраушысы болып табылады. Алайда бүгінгі таңда НУ – бұл әріптестерімен өзара қарым-қатынасын енді бастаған кездегіден мұлде басқа ұйым. Бастапқы кезеңде әріптестер НУ үшін консультанттар ретінде қатысты, жаңа университетке оқу бағдарламаларын

<sup>7</sup> «Facilitating Interdisciplinary Research» қаранды

жасауда, персоналды жалдауда, қажет кезде курсарды оқуда, академиялық саясат бойынша консультация беруде, нұсқаулықтармен қолдауда көмек көрсетті. Бүгінгі таңда НУ мектептері оку бағдарламаларын құрды және сапалы ОПҚ қалыптастырыды, әртурлі ішкі құжаттарын енгізді, академиялық және ғылыми органдарды ұйымдастырыды, сапаның жоғары жүйесін бекітті және өз қызметін дербес іске асыруды үйрәнді. Осы ынтымақтастық сипатының өзгеруі және НУ-дың қарқынды дамуын ескеруі тиистігіне қарамастан, әріптестердің болуына қажеттілік қалады. НУ өзінің ғылыми қызметін қеңейткенін және озық ғылыми өнертабыстарының жаһандық орталықтарымен байланыстарын әрі қарай тереңдегенді жоспарлағанын ескере отырып, Университет стратегиялық әріптестермен өзара қарым-қатынасын тенденциялық принципіне негізделген келесі деңгейге шығаруға ұмтылуда.

НУ-дың әріптестерімен өзара қарым-қатынасы екі бағытта дамуы тиіс – мектептерге бағдарланған қатынастардан жалпы университетке бағдарланған қатынастарға, сондай-ақ ресми шарттық қатынастардан бірлескен ғылыми зерттеулерге негізделген ОПҚ арасындағы ресмилігі шамалы қатынастарға көшү. Екі тарап та оқытушылармен және студенттермен алмасуға септігін тигізуі тиіс.

НУ-дың Азиялық университеттер альянсы (АУА) жаңа институционалдық әріптестіктің бірлескен құрылтайшысы болғанын атап өткен жөн. 2017 құрылған АУА оқытушылармен және студенттермен алмасуға көмек көрсету, сондай-ақ маңыздылығын және азиялық университеттердің танымалдығын арттыру үшін он бес жетекші азиялық университетті біріктіреді. НУ өзінің қазіргі әріптестермен қарым-қатынасын дамытуға, Батыс пен Шығысты интеграциялауда жаңа мақсаттарды қоюға және жаһандық перспективаларды қеңейтуге ниетті.

Қазақстандағы орта білім жүйесіндегі өзгерістің салдары: Қазақстанның жоғары білім жүйесінің НУ құрылған соң қалай өзгергенімен қатар, Қазақстанның Президенті Н. А. Назарбаев орта білім жүйесін реформалау бойынша бағдарламаны іске қосты. Назарбаев Зияткерлік мектептерінің желісі (сол құқықтық тәртіп пайдаланылатын НУ-дың мейірбикелік үйім) бағдарламаның құралына айналды. Ағымдағы сәтте ел бойынша 20 мектеп жұмыс жасайды. Халықаралық техникалық көмегімен Назарбаев Зияткерлік мектептері (НЗМ) ең жоғары халықаралық стандарттарға сай оку бағдарламаларын және жаңа оқулықтарды, оқыту әдістемелерін және бағалауларын өзірледі. Бүгінде НЗМ мысалға Халықаралық Бакалавриаттың (В) және А Level аккредиттеген бағдарламаларын ұсынады және үш тілді билетін оқушыларды НУ-ға ғана емес, әлемнің үздік университеттеріне де түсуге дайындаиды.

НЗМ тәжірибесін ел бойынша орта білімнің жалпы жүйесіне көрсету НЗМ өзірлеген оқулықтары және басқа мектептердің мұғалімдерінің біліктілігін көтеруді қамтамасыз ету арқылы іске асырылады. НЗМ 11 жылдық бағдарламадан 12 жылдық бағдарлама өткен алғашқы мектеп жүйесі болды. Бұл қадаммен кейін жалпы мектеп жүйесі де өтеді. НЗМ бағдарламаларын басқа мектептерге тарату шамасына қарай НУ-ға окуға түсудің тиісті шарттарына сай келетін мектеп бітірушілерінің саны және оқуға түсетең студенттердің дайындығы да артуы мүмкін. Түсу талаптарына сай келетін үміткерлер санының артуы НУ-дың келесі онжылдықта студент контингентін елеулі арттыру жоспарларына септігін тигізеді.

Орта мектептердің дайындығы жақсы оку бітірушілері – НУ-дың бакалавриат бағдарламасына түсетең болашақ талапкерлері НУ-дағы оку үлгерімінің қажетті деңгейін қамтамасыз ету үшін дайындықтың толық бір жылынан өтуді қажет етпеуі мүмкін. Бұл НУ-ға дайындық бағдарламасын (NUFYP) қайта баптауға мүмкіндік береді. Жаңа бағыттардың бірі NUFYP-ды жеке үйім ретінде бөлу болып табылады, ол екі НУ үшін ғана емес, Қазақстандағы барлық жетекші университеттер үшін жұмыс жасайтын болады. Бұл үйім бұдан әрі мектеп

оқушыларын әлемнің жетекші университеттеріне, оның ішінде НУ-ға түсуге дайындықты жүзеге асыруы мүмкін.

**Қанагаттануышық:** Жалпы алғанда, НУ елеулі жетістіктерге жетті. Біреу «Біз жеткілікті жұмыс жасадық» деп айтуы мүмкін деген қатер бар. НУ басшылығы қолжеткізгенге қанағаттануышық және алда әлі де көп нәрсе жасау керектігінің арасында дұрыс тәңгерімді табуы тиіс.

## 10. НІЕТТЕРДЕН НӘТИЖЕЛЕРГЕ

Бұл Стратегияда НУ-дың жақын болашақта тап болуы ықтимал мәселелері қамтылған. Осы Стратегияы іске асыру бойынша алғашқы қадам ретінде НУ басшылығы әрбір көрсетілген бағыт бойынша толық жоспарларды әзірлеу бойынша жұмыс топтарын ұйымдастыруы тиіс. EUA ұсынымдарын орындау үшін құрылған жұмыс топтары жақсы мысал болып табылады.

НУ ашылған сәтінен бастап осы жаңа Стратегия жасалатын мықты негізді қалады. Мемлекеттің НУ-дың алдына қойған мақсаттарына және перспективаларына нақты қолжеткізуге болады. Алдыңғы бөлімде аталған проблемаларды шешу үшін барлық тараптардың және мүдделі тұлғаларының – Ел және Университет басшылығының, ОПҚ және студенттердің, әкімшілік пен НУ әріптестерінің күш біріктіру қажет. Университеттің елдің дамуына қосқан үлесі бұл күштерді орынды етеді, сондай-ақ өте маңызды болады. Сонымен қатар, біз НУ жолының үштен бір бөлігінің ғана өткенін, алда көп жұмыс тұрғанын естен шығармауымыз керек.

## А ҚОСЫМШАСЫ: НУ-ДЫҢ SWOT ТАЛДАУЫ

Күшті жақтары:	Әлсіз жақтары:
<p>Студенттердің сапасы;</p> <p>Тұлектердің жетістіктері («НУ-дың елшілері»);</p> <p>Студенттердің қоғамдық өмірге қатысуы (әлеуметтік үлес);</p> <p>Ішкі және халықаралық беделінің өсуі;</p> <p>Ұлттық деңгейдегі беделі: НУ бренді үшін мақтаныш;</p> <p>Халықаралық ОПҚ жоғары сапасы;</p> <p>НУ-дың кеткен оқытушылары танымал университеттерге жұмысқа тұрады, бұл НУ ОПҚ сапалылығын, сондай-ақ НУ-дың одан әрі кәсіби дамудың тиімді катализаторы болып табылатынын күәландырады;</p> <p>НУ-дан кететін оқытушылар Университет елшілері болып табылады;</p> <p>Елбасы тарапынан күшті қолдау;</p> <p>Сапаны арттырудың дамыған ішкі жүйесі;</p> <p>НУ мектебінің сыртқы әлемнен оқшаулануының төменгі деңгейі (бұғынғі күнде);</p> <p>Қажеттілігіне қарай өзгеруге дайын, жас, қуатты және икемді жоғары оку орны;</p> <p>Инновациялық экожүйенің салынған іргетасы;</p> <p>НУ-дің жергілікті біліктілігі жоғары қызметкерлер үшін жұмыс беруші ретінде тартымдылығы;</p> <p>Университет қоғамдастырының барлық мүшелерін (студенттерді, оқытушыларды, қызметкерлерді) жоғары деңгейде ынталандыру;</p> <p>Халықаралық студенттер санының өсуі үшін тартымды негізін қамтамасыз ететін жайлы жабдықталған кампус.</p>	<p>Қазақстанның әлемдегі позициясы;</p> <p>Оқытушыларды жұмысқа орналастыру туралы қысқа мерзімді және икемсіз алғашқы еңбек шарттары – анағұрлым икемді жүйе енгізуіндегі қажеттілігі;</p> <p>Елдің басқа университеттерімен шамалы оңтайлы қарым-қатынастар</p> <p>Мемлекет қолдауына шамадан тыс тәуелділік;</p> <p>Сыртқы, сол сияқты ішкі коммуникациялар;</p> <p>Елдің басқа университеттерінен оқшаулануы;</p> <p>НУ құндылықтарын тарату әлі оту үдерісінде;</p> <p>«Әлемдік деңгейдегі университет» қандай екендігін түсініктің болмауы;</p> <p>«Халықаралық» және «жергілікті» деп бөлінуі;</p> <p>ОПҚ және әкімшілік қызметкерлер арасындағы болініу;</p> <p>Негізгі қызметтердің төменгі деңгейі: АТ және адамдық ресурстарды басқару департаменті;</p> <p>Бюрократиялық, әсіресе қаржылық мәселелерде.</p>

<b>Мүмкіндіктер:</b>	<b>Қауіп-қатерлер:</b>
<p>Орталық Азияда (ОА) және оның шегінен тыс зерттеулердегі көшбасшылық;</p> <p>Орталық Азиядағы өнірлік көшбасшылық;</p> <p>Көршілес елдермен тығыз қарым-қатынас;</p> <p>Орталық Азиядағы үдемелі геосаяси мәні;</p> <p>Оқытушыларды қолдауды арттыру, сонымен қатар алмасу бағдарламасы бойынша;</p> <p>Тағылымдама және студенттермен алмасу бойынша бағдарламалар санының артуы;</p> <p>НУ тұлектерін орналастыру үшін ABC әлеуеті;</p> <p>Үздіксіз инновациялар, әсіресе сандық технологиялар саласында;</p> <p>Цифрлік Қазақстанга елеулі үлес;</p> <p>Пәнаралық зерттеулердің артуы;</p> <p>Студенттерді интернационалдандыру;</p> <p>Тиімділікті арттыру үшін НУ мектептерінің құрылымдарын талдау;</p> <p>Қазақстандағы және Азиядағы басқа университеттермен әріптестік;</p> <p>«НУ жолы» брендін және дәстүрлерін дамыту.</p>	<p>Тәуекел мен жеңілістерді елдік қабылдамау;</p> <p>Оқытушыларды, зерттеушілерді және студенттерді тартудың жаһандық және өнірлік бәсекелестігі;</p> <p>Көршілес елдердің тұрақсыздығы;</p> <p>Зерттеуге бюджеттік қаржы құралдарын тартудың белгісіздігі: мөлшері және болжамы;</p> <p>Қазақстандық басқа жоғары оқу орындарымен салыстырғанда мемлекеттік қаржыландырудың жоғарылығы НУ-ды аса назар бөлінетін нысан етеді;</p> <p>Елдегі экономикалық жағдай Үкіметтің НУ-дың келесі даму деңгейін колдау кабілеттілігін, әсіресе ABC салу бөлігінде төмендетеді;</p> <p>Жергілікті персоналдың «куйіп кетуі» (әсіресе «алғашқы буын»);</p> <p>Бәсекелестіктің төмендеуі салдарынан жергілікті үздік қызыметкерлерді және халықаралық оқытушыларды тартудың төменгі қабілеті;</p> <p>Білікті мамандардың басқа елге кетуі.</p>

# В ҚОСЫМШАСЫ: НУ-ДЫҢ СТРАТЕГИЯЛЫҚ БӨЛІМШЕЛЕРІНІҢ ТҮЙІНДЕМЕСІ

## ДАЙЫНДЫҚ БАҒДАРЛАМАЛАР ОРТАЛЫҒЫ (ДБО)

ДБО-ның жуық бірнеше жылда іске асыру тиіс пайымдауы бүл, біріншіден, қолданыстағы академиялық бағдарламаларды жетілдіру және жаңаларды, негізінен коммерциялық бағдарламаларды өзірлеу; екіншіден, тиімділікті арттыру есебінен операциялық шығындарды азайту; және үшіншіден, халықаралық танылу.

Казіргі уақытта ДБО екі академиялық бағдарламаны ұсынады: университет алдындағы дайындық бағдарламасы (NUFYP) және магистратура бағдарламаларының дайындық жылы (NUZYP).

**NUFYP:** Қазақстанның мектептегі білім берудің 12-жылдық жүйесін бастағанына және студенттердің көпшілігі НУ мектептеріне тікелей тұсуге дайын болатыны күтілетініне қарамастан, жақын болашақта университет алдындағы дайындық бағдарламасы өзекті болып қалады. ДБО пайымдауының мәні ағылшын тілін білу деңгейі НУ-да оқу үшін қажетті деңгейге жетпеген дарынды студенттерді кеңінен қамту және оларға осында, Қазақстанда білім алу мүмкіндігін беру. Мұндай амал еліміз үшін қолайлы, сондай-ақ НУ-дың студенттерінің санын бүгінгі көрсеткішпен салыстырғанда екі есе арттыру бойынша мақсатына қолжеткізуге септігін тигізеді. Сонымен қатар, университет алды дайындық бағдарламасы Ұлыбритания және АҚШ сияқты ағылшын тілді елдерде де сұранысқа ие екендігін ескере отырып, қазақстандық студенттер арасында лайықты зерттеу университетіне тұсу үшін дайындық бағдарламасына жоғары сұраныс болады деп күтілуде.

**NUZYP:** ДБО магистратураның дайындық жылының бағдарламасы бойынша оқытууды 2017 жылы бастады. 2018 жылдың мамыр айында бітірген тыңдаушылардың бірінші шоғыры туралы пікірлері оң болды. Университеттің мақсаты – осы бағдарламаның тыңдаушыларының санын екі есе арттыру болып табылады. ДБО осы бағдарламаның тыңдаушылары түсетін мектептің талаптарына сай болатындей бағдарламаға бейімделуі керек.

### НЕФҰРЛЫМ ТИМДІ БОЛУ:

ДБО өзінің құрылымын қайта ұйымдастыру және оқытушылармен келісімдерді қайта қарау есебіне операциялық шығындарын қысқарту бойынша жұмыстарын бастады. Казіргі уақытта екі бағдарлама бойынша оқыту жүргізілетініне және студенттердің саны артқанына қарамастан, ДБО-да операциялық шығындардың азаюы күтіледі.

**Халықаралық танылу:** ДБО халықаралық танылуға ұмтылады. Осы мақсатқа түрлі жолдармен жетуге болады, бірақ белгілі нақты әдіс таңдалмады. Аккредиттеудің тиімді әдістерінің бірі СЕА (Американдық ұйым) немесе BALEAP (Британдық ұйым) немесе екеуі де болуы мүмкін. Аккредиттеу ДБО-ға бар өнір бойынша әлемнің үздік ЖОО-ларына тұсу мақсатында ағылшын тілін игеретін студенттер үшін қызығарлық орталық айналуға мүмкіндігін береді. Сонымен қатар, егер ДБО операциялық шығындарды азайта алса және оқу анағұрлым қолжетімді болса, ДБО, өз кезегінде НУ-ға студенттердің контингентін интернационалдандыру бойынша мақсатын іске асыруда септігін тигізе алады.

Мүмкіндіктер және Университет алды дайындық бағдарламасы (NUFYP) үшін ұсынымдар.

NUFYP бойынша жұмыс тобы 2017<sup>8</sup> жылдың сәуір, мамыр және маусым айында мына мақсатта кездесті:

- NUFYP үшін үштен алтыға дейін тиімді бағдарлама нұсқаларын құру, Университеттің бакалавриат академиялық бағдарламасына, сондай-ақ Қазақстандағы орта білім жүйесіне міндетті компонентті енгізумен байланысты алдағы өзгерістерді ескеру;
- Әр нұсқаның салыстырмалы құшті және әлсіз жақтарын бағалау;
- Провостқа, Академиялық кеңеске және НУ Президентіне NUFYP бағдарламасының үздік нұсқасы ұсыну; сондай-ақ
- NUFYP бағдарламасының ұсынылған нұсқасын толығымен және тиімді іске асыруға қабілетті кадрлармен қамтамасыз етудің жоспарын ұсыну.

Біз «Фаундейшн» бағдарламасы халықаралық стандарттарға сай болуына ұмтылуадамыз. Мысалы, бағдарлама негізінде Ұлыбритания, «Рассел» тобының (Russell Group) университеттеріне және АҚШ, Австралия, Канадаңың басқа университеттеріне және басқа әлеуетті университеттерге түсуге арналған сәйкес дайындық бағдарламасы ретінде қарастырылуы мүмкін. Айта кету керек, британдық және австралиялық университеттер, әдетте, таңдалған пән негізінде құрылған бағдарламаны таңдауды қалайды, ал АҚШ университеттері ағылшын тілін менгеру дағдысына негізделген бағдарламаны қалайды.

2016 жылдың білім алушылары арасында саулнама, бағдарлама студенттердің күтілімдеріне сай және одан асып түсетінін көрсетеді. Біз соңғы жеті жылда алған сабактарымызды сақтау үшін алға аса сақтықпен ілгерілеуді қалаймыз.

Бұл ұсынымдар NUFYP бағдарламасының мақсаттары мен нәтижелеріне сай келеді, сонымен бірге студенттерді бакалавриат бағдарламасының жаңа міндетті компонентіне дайынлау арқылы бакалавриат бағдарламасының өзгермелі талаптарын қанағаттандыруы. бағдарламасының мақсаттары және оқудың нәтижелері НУ-дың академиялық сапа тұжырымдамасына сәйкес ұдайы қайта қаралуға жатады.

Бұл ұсынымдар НЗМ академиялық бағдарламаларын қарау негізінде қалыптасты және озат студенттерді марапаттауға жіберілді.

## ГУМАНИТАРЛЫҚ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ҒЫЛЫМДАР МЕКТЕБІ (ГӘФМ)

ГӘФМ Қазақстан үшін өзекі бағыттарда оқытады және ғылыми зерттеулер жүргізеді, себебі ел өзінің экономикалық дамуын жалғастыруда және XXI ғасырдың жаһандық кеңістігінде өз орнын бекітеді. Қазақстанның, өнірдің және әлемнің алдында алдыңғы он жылдықта кездесетін ең үлкен сын – тегеуріндердің іргелі гуманитарлық сипаты бар және ГӘФМ жұмысы көшбасшылардың және ел азаматтарының осы сын – тегеуріндерді шешуге дайындығын қамтамасыз етеді.

ГӘФМ академиялық бағдарламалары студенттерді Қазақстанның заманауи еңбек нарығының талаптарына сәйкес дайындайды, сондай-ақ олар студенттерді жаңа білім алуға және кәсіпкерлік дағдыларын дамытуға бағыттайтының, осылайша студенттерді болжауға мүмкін емес жағдайларға дайындайды. Біздің студенттер қазақ мәдениетіне, ел мен қоғамның тарихына сүйене отырып, индустріядан әлемнің әлеуметтік проблемаларын шешуге қабілетті көшбасшы болады. Білім беру дағдарламаларының осындай мазмұны елдің бірегей аспектілерін тану мүмкіндігін береді, бұл әлемдік қоғамдастықтағы өз орнын анықтау үшін өте маңызды. Біз басқа мектердің оқу жоспарымен аралас курстар мен бағдарламаларды ұсынамыз, ол

<sup>8</sup> Кездесу күндері: 2017 жылдың 27 сәуірі, 4 мамыры, 18 мамыры, 25 мамыры және 8 маусымы

НУ-дың барлық студенттері игеретін мамандығына тәуелсіз жалпы адами құндылқтарға ортақтасу үшін қажет.

Ғылым ГЭФМ-нің негізгі қызметі болып табылады. Мектептің оқытушылары әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдардың барлық салаларында зерттеулермен айналысады. Оқытушылардың құрамына әлемнің бар бөліктерінің әлеуметтік- экономикалық аспектілерін білестін сарапшылар кіреді. ГЭФМ стратегиялық тұрғыдан Қазақстаннан және Орталық Азия өнірінен мамандарды, сондай-ақ Қазақстан үшін қажетті әдіснамалық және теориялық тәжірибесі бар зерттеушілерді жалдайды. Негізінен, біздің күшті жақтарымыз – бұл Еуразиялық зерттеулер, геоинформатика, миграция және әлеуметтік интеграция, гендерлік мәселелер, тіл трансформациясы, қауіпсіздік және дипломатия. ГЭФМ өзінің жетілу шамасына қарай сыртқы гранттарды тарту және жетекші ғылыми журналдарда жариялану есебінен халықаралық бейінін кеңейтуге ұмтылады. Біз сондай-ақ НК-ның беделін еуразиялық зерттеулер, экономикалық даму және тиісті салаларда жетекші әлемдік институт ретінде нығайтатын халықаралық зерттеу орталықтарын құруға ниеттіміз.

ГЭФМ Еуразиялық зерттеулерде әлемдік көшбасшы болу шамасына қарай бұл артықшылық жергілікті зерттеушілер мен институтардың көп санын тарта отырып, әлемдік институтармен әріптестік қарым-қатынасын дамыту үшін пайдаланылады. Осының салдарынан біз Қазақстанның және халықаралық зерттеушілерге арналған диалогтық алаңға айналамыз. Ұлттық институтармен әріптестік бізге өз әлеуетімізді дамытуға НУ тәжірибесімен бөлісуге, сондай-ақ қоршаған ортаны жақсырақ түсінуге көмектеседі. ГЭФМ инклузивтілік және басқаруға қатысты озық практикалардың моделін пайдаланатын қоғамдастық. ГЭФМ-нің ішкі процесстері мен процедуralары қоғамдастықтың барлық мүшелері өз әлеуетін барынша пайдалана алғындағы құрылған.

## ИНЖЕНЕРИЯ МЕКТЕБІ (ИМ)

Кейінгі бірнеше жылдың ішінде студенттердің саны елеулі артады деп күтілуде. Осы студенттердің өсуін қолдау үшін төрт кафедраның оқытушыларының саны (мысалы, азаматтық құрылыш, химиялық инженерия, машина жасау, электрттехника және электроника) 2020 жылға ейін шамамен 20 ОПҚ ға дейін артады деп күтілуде. Қазіргі уақытта кейбір кафедраларда, әсіре, азаматтық және химиялық машина жасау саласында ОПҚ жетіспеушілігі орын алады. Кафедралардың көшілігі негұрлым тәжірибелі оқытушыларға мұқтаж. Откенде ОПҚ позициясына жариялау үшін жақсы үміткерлердің саны жетпейтіні белгілі. Бұл үрдіс соңғы уақытта өзгерді. ИМ персоналды қабылдау бойынша мәселелерді тиімді шешу үшін үнемі өзінің жалға алу стратегиясы мен процесстерін қайта қарайды.

Оқытушыларды жалдауға қосымша басқа да сын – тегеурінде де бар:

- Қазіргі уақытта бағдарламаларды негізінен мемлекеттік гранттар қолдайды.
- Шетелдік студенттерді, әсіресе көршілес елдерден қабылдау арқылы студенттік контингентті әртараптандыру керек. Интернационалдандыру бойынша осы максатқа жету үшін шетелдік студенттерді тарту үшін академиялық бағдарламаны және оқу базасын жақсартуды қажет етеді. АВЕТ талаптарын қанағаттандыру үшін бакалавриат академиялық бағдарламасында өзгерістер басталды және ИМ-нің жоғары білім беруден кейінгі бағдарламаларындағы сияқты амал жасау жоспары бар. Оқу базасына қатысты ИМ 2018 жылы жаңа ғимаратқа көшті. Зертхананы тиісті жабдықпен және оқыған мамандармен жабдықтауды қамтамасыз ету үшін тағы бірнеше жыл қажет болуы мүмкін.
- ИМ ғылыми-зерттеу қызметінің көрсеткіштері қолданыстағы зерттеу базасын және кадрлық ресурстарды ескерер болсақ, бүгінгі таңда жарияланымдар және қаржылар

тұрғысында жақсы болып табылады. Жақында дайын болады деп күтілетін жаңа ғимаратта жаңа ғылыми базаның іске қосылуымен байланысты ИМ ғылыми – зерттеу қызметі көрсеткіштерінің жақсаруы күтілуде. Сонымен қатар Университет зерттеулерді қаржыландыру үшін анағұрлым көп ақпарат пен мүмкіндіктерді ұсынды. ИМ бұл мүмкіндіктерді бағдарламаларымен зерттеулердің стратегиялық бағыттары бойынша байланыстыруды жоспарлап отыр, ол ғылыми – зерттеу қызметінің көрсеткіштерін жақсарту үшін шектеулі ресурстарды пайдалану және жақсы үйлестіру үшін керек.

ИМ даму шамасына қарай кафедраларды кеңейтіп, Қазақстан үшін мамандарды дайындауда туындастырын қажеттіліктерді қанағаттандыру үшін жаңа бағдарламаны қосу қажет болуы мүмкін. Стратегия мынадай:

- кейбір жұмыс жасайтын кафедралардың атауын ауыстыру және жаңа бағдарламаларды енгізу.
- Мектеп машина жасау кафедрасын механика және әуе-ғарыш кафедрасына, химиялық инженерия кафедрасын химиялық және материалдық инженерия кафедрасына, сондай-ақ электротехника және электроника кафедрасын электротехника және компьютерлік инженерия кафедрасына өзгерте алады.
- Екі жаңа кафедра құру: биоинженерия кафедрасы және өнеркәсіптік инженерия кафедрасы. Бұл екі кафедра жаңа салалардағы еңбек нарығының қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін жаңа бағдарламаларды енгізе алады.

Осы қолданыстағы кафедраны қайта құру және жаңа кафедра жасақтау бойынша осы стратегиялық тәсіл Университеттен қосымша қаржы ресурстарын талап етеді.

ИМ-нің одан әрі дамуы Университеттің неғұрлым кең қоғамдастырының мақсаттарымен үйлеседі, ол белгілі дәрежеде ғылыми зерттеулер мен инновацияларға бағдарланған. «Қазақстан 2050» стратегиясының тұжырымдамасы энергетикалық үлес 2025 жылға дейін екі еселеніп және 2040 жылға қарай үш еселенуі үшін мұнай мен газға тәуелділікті азайту болып табылады. Биоинженерия және өнеркәсіптік құрылышы саласында жаңа бағдарламаларды құру елді индустримальдырудың келесі кезеңін қолдайтын болады. Сонымен қатар жаңа бағдарламалар кәсіпкерлікті дамытуға, инженерияның ғылыми теориясын және сапалы принциптерін қолдану негізінде жаңа өнімдерді жасауға және әзірлеуде бағытталады. Бұл білім беру процесін реформалау ішкі кәсіпкерліктің өсуіне әкеледі, ал осының арқасында 2030 жылды экономиканы қолдау үшін кіші және орта мекемелердің өсуіне әкеледі.

## ТАУ -КЕН ІСІ ЖӘНЕ ЖЕР ТУРАЛЫ ҒЫЛЫМ МЕКТЕБІ (ТКІЖФМ)

ТКІЖФМ 2016 жылды наурызда құрылған және Қазақстан, өңір және әлем үшін саланың (жер туралы ғылымдар) болашақ көшбасшыларын тәрбиелеуге арналған. ТКІЖФМ жер ресурстарын іздеу, өндіру, қалпына келтіру және пайдалану үшін оқыту және зеттеулер жүргізу арқылы білім мен технологиялардың шекараларын кеңейтетін болады.

Жер туралы ғылымдар саласында білім беру бағдарламалары және ғылым-зерттеу қызметі бар жетекші ЖОО-лардың бірі Колорадо тау-кен іс мектебімен (Colorado School of Mines) стратегиялық әріптестік академиялық бағдарламаларды әзірлеуді және енгізуі, оқыту мен ғылымда жалдау мен менорлықты қолдау, аккредиттеу мәселелері бойынша сапаны және консультация беруді қамтамасыз ете отырып, ТКІЖФМ мақсаттарына қолжеткізуге мүмкіндік береді.

ТКІЖФМ-нің жер ресурстары, су ресурстары, энергетика және экология салаларындағы инженерлік және қолданбалы ғылыми бағдарламаларының толық шоғырын құру бойынша

ұзақ мерзімді миссиясы бар. Алайда мектептің бастапқы кезеңі үш негізгі саланы, оның ішінде машина жасауды, мұнай инженериясын және жер туралы қолданбалы ғылымдарды қамтитын болады.

Бұл салалар бойынша тау-кен машина жасау, мұнай инженериясы және жер туралы қолданбалы ғылымдар саласында бакалавриат бағдарламасы (ғылым бакалаврының дәрежесі), сондай-ақ сол оқу салаларында магистрлік бағдарламалар (ғылым магистрі дәрежесі) ұсынылады. ТКІЖФМ өзінің зерттеу мүмкіндіктерін кеңейту және дамыту шамасына қарай НУ-дың Ғылым және технологиялар және Инженерия мектебімен бірге берілген салаларда PhD бағдарламасын құрайды. Сонымен қатар Мектеп минералды ресурстар және энергетика экономикасы, сондай-ақ металлургиялық машина жасау және материалтану саласында жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламасын көздейді.

ТКІЖФМ 2017 жылдың күзінде тау-кен ісі саласында екі жылдық магистрлік бағдарламасына студенттерді қабылдауды бастады. ТКІЖФМ 2018 жылдың күзінде тау-кен инженериясы, мұнай-газ инженериясы және жер туралы қолданбалы ғылымдар бойынша бакалавриат бағдарламасын іске қосады. Сонымен қатар Мектеп 2018 жылдың күзінде мұнай-газ инженериясы саласында магистрлерді қабылдауды бастайды. Мектеп Жер туралы қолданбалы ғылым саласындағы магистр жаңа бағдарламасын және басқа мектептермен бірлесіп, 2020 жылға дейін күзде осы бағыт бойынша PhD бағдарламасын іске қосады.

## ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ТЕХНОЛОГИЯЛАР МЕКТЕБІ (FTM)

FTM 2016–2020 жж. стратегиялық жоспары НУ-дың негізгі құндылықтары және ауқымды миссиясы шенберінде ұлттық «Қазақстан – 2050» стратегиясын қолдауға бағытталған.

НУ миссиясы және FTM сияқты, «Қазақстан – 2050» стратегиясында анықталған жеті басымдықтардың бесеуін қолдайды. Нақты айтқанда:

- жаңа курстың экономикалық саясаты;
- кәсіпкерлік жан-жақты қолдау;
- әлеуметтік саясаттың жаңа принциптері;
- озық білім мен кәсіптік дағдыларды тарату үшін оқыту, дайындау және қайта дайындау; сондай-ақ
- Қазақстанның мемлекеттігін нығайту және дамыту.

FTM стратегиялары мен мақсаттары Қазақстанның әлемдік деңгейдегі көшбасшылыққа қолжеткізуге ұмтылысында елеулі ілгерілеуге қолжеткізу үшін өзірленді. Стратегиялық тұрғыда FTM Мектептің жоғары сапалы бағдарламаларының көптігі арқасында елде әлеуметтік, экономикалық және ғылыми реформаларды іске асыруға септігін тигізетін интеграцияланған әріптес ретінде бірегей рөлі ерекшеленеді. FTM-ның стратегиялық бағыттары:

- Студенттер контингентінің сапасын арттыру;
- Студенттердің оқу тәжірибесін жақсарту;
- ОПК құзыреттіліген және тиімділігінің артуына септігін тигізеді;
- Ғылыми зерттеулер үшін озық әдістер мен стандарттарды анықтау;
- Ғылыми зерттеулерді қаржыландыру бойынша бастама құру; сондай-ақ
- Ғылыми зерттеулер жүргізу үшін адам ресурстарын дамыту.

## ФТМ-НЫҢ БОЛАШАҚ БАҒЫТТАРЫ

- Зерттеу тәжірибелері және бакалавриат студенттері үшін тиісті зертханаларды ұсынудың көмегімен курстық жұмыстың мазмұнын көңейту арқылы зерттеу жұмысын оқытуға жедел интеграциялау;
- Біздің есептеу ғылымдары саласында бірегей дағдыларын Қазақстанның цифрлық технологияларына қажеттілікті қанағаттандыру үшін «Мәліметтер туралы ғылым» («Data Science») кешенді бағдарламасына тұтастыру және ребрендинг жасау.
- Мектептерге немесе мамандануына, зияткерлік дамуы тәжірибесіне тәуелсіз НУ барлық студенттері үшін бірыңғайлылықты танытатын НУ-дың бірегей сәйкестігін көрсететін бакалавриат академиялық бағдарламасына міндетті компоненттерді және оқу нәтижелерін толықтандыру енгізу.
- Астанада денсаулық сақтау саласында құрылатын кластердің мүмкіндіктерін көңейту үшін Медицина мектебімен анағұрлым тығыз байланыс жасау.
- Магистратура және докторантураларда бағдарламаларының шоғырлануын күшетту және оларды елдің қажеттіліктеріне бағдарланған қысқа мерзімді тақырыптық тренингтермен толықтыру.
- Гуманитарлық және әлеуметтік ғылым мектебінде негізгі курстарға бару мүмкіндігін студенттерге ұсыну арқылы тұжырымдар жасау кезінде дәлелдеу базасын пайдалану, сондай-ақ ғылыми әдістерде сыйни ойлаудың маңыздылығын ерекшелену.
- Өз елінің мұддесінде жаңа өнімдерді және қызметтерді дамыту үшін студенттердің арасында инновациялар мен кәсіпкерлік дағдыларын жетілдіру.

## ЖОҒАРЫ БІЛІМ БЕРУ МЕКТЕБІ (ЖББМ)

ЖББМ өзінің стратегиялық пайымдауын НУ миссиясына негіздейді, ол Қазақстанның білім берудегі ауқымды реформаларының жалпы пайымдауына байланысты «Қазақстан – 2050» стратегиясының басымдықтарына негізделеді. Бұл білім реформасының негізгі компонентін НУ құру болды.

ЖББМ Қазақстанда мектепке дейінгі білім, бастапқы және орта білім, техникалық және кәсіптік білім, сондай-ақ жоғары білім беру салаларында озық тәжірибелі пайдалана отырып, білім беру жүйесінің барлық деңгейлерінде білім реформасын ілгерілетуде орталық рөл атқарады. ЖББМ бұған білім беру саласындағы мәселелер және реформалар, магистратура және докторантураларде оқу бағдарламаларын ұсыну, оқытушыларды барлық деңгейде кәсіптік даму мүмкіндіктерімен қамтамасыз ету және НУ-дағы өзіндік үлгі бойынша үлгілі білім беру практикасы моделінің жұмыс жасауын қамтамасыз ету проблемалары бойынша әлемдік санаттағы зерттеулер жүргізу арқылы қолжеткізіледі.

Бұл кезеңде мектеп сыртқы бағалаудан өтуге тырысады. ЖББМ бағдарламалары мен зерттеулерінің сапасын қамтамасыз етудің ішкі механизмдері арқылы осындағы процесті бастайды. Сыртқы бағалау мектептің және НУ-дың халықаралық рейтингі үшін негізгі мәнге ие болады.

## ЖОҒАРЫ БИЗНЕС МЕКТЕБІ (ЖБМ)

- ӘЛЕУЕТ:** ОПҚ-ны қабылдау және тұрақтандыру: 2030 жылдан кешіктірмей (дұрысы 2025 жылға дейін) бағдарламаларды, зерттеулерді және өзара байланысты (қаржы, бухгалтерлік есеп, маркетинг, басқару, операциялық басқару, технологиялар/IT) дамытуды қолдау мақсатында 35 оқытушы. Біз 2030 жылға таман ОПҚ-ның 35% жергілікті мамандар болуына ұмтыламыз.
- БАҒДАРЛАМАЛАР:** бағдарламалар бойынша студенттердің санын арттыру (жергілікті студенттерді және 20% шетелдік студенттерді): 2025 жылға дейін әр қабылдауда әр бағдарлама бойынша кемінде 50 білім алушы (бағдарламасын қоспағанда); жалпы алғанда 2025 жылға қарай дәреже берілмейтін бағдарламада НУ-да оқудан өткен 800 қатысушы.
- ФЫЛЫМИ ЗЕРТТЕУЛЕР:** ОПҚ тиімділігінің танылуы: 75% ОПҚ зерттеу саласында белсенді, халықаралық зерттеу рейтингілерде лайықты орындарға ие (Шанхай Цзяотун университеті, Далластағы Техас университеті, Financial Times газеттері). Бар кампус бойынша қызметаралық зерттеу орталықтарының жұмысына қатысу (Innovation Lab, Big Data, Industry 4.0).
- ӘСЕР ЕТУ ЖӘНЕ ӨЗАРА БАЙЛАНЫС:** Аккредиттеу (кемінде Университеттік бизнес-мектептерді дамыту бойынша қауымдастықтан, AACSB 9) және халықаралық зерттеу рейтингілеріне (жоғарыда 3-тармақты қараңыз) қатысу арқылы 2025 жылға таман халықаралық танылу. Фылыми ортаға қатысуын көнегіту (конференциялар, зерттеу симпозиумдары, шаралар, бұқаралық ақпарат құралдарында айтылуы, халықаралық консультативті кенес, тақырыптық зерттеулердің топтамасы).

## ЖОҒАРЫ МЕМЛЕКЕТТІК САЯСАТ МЕКТЕБІ (ЖМСМ)

### МИССИЯ

Біздің миссиямыз «көшбасшыларды негізгі саяси және басқарушылық сын-қатерлерге бағытталған білім берудегі озық тәжірибе, зерттеулер жүргізу және кәсіптік білім беру есебінен басқару жүйесін жақсартуға оқыту арқылы Қазақстан мен Орталық Азия халқының өмір сүру сапасын» арттыру болып табылады.

### ОҚЫТУ

ЖМСМ негізгі стратегиялық мақсаттарының бірі сапалы басқару білім мен дағдыларына сай Қазақстанның және Орталық Азияның мемлекеттік секторының көшбасшыларын оқыту. Қазіргі уақытқа дейін МСЖМ дәреже тағайындағы, сондай-ақ дәреже тағайындағы курстар мен бағдарламаларды ұсынады.

МСЖМ-нің академиялық бағдарламалар бойынша сұраныстары осы жылдардың ішінде 2015 жылы Мемлекеттік басқару саласындағы магистратура және 2017 жылға Ph. D бағдарламасын іске қосумен толықтырылды. 2020–2021 оқу жылынан бастап ЖМСМ жетекшілерге арналған докторлық бағдарламаны іске қосуды жоспарлап отыр.

Бұл бағдарламалардың табыстылығына курсардың жалпыға танылғаны, ал білім алушылардың саны осы жылдары елеулі артқанын көрсетеді және 2017–2018 оқу жылында 100 студенттен 2024–2025 оқу жылына қарай 335 студентке дейін артады деп күтілуде.

Дәреже тағайындастын жаңа бағдарламаны іске қосудан бөлек, ЖМСМ сондай-ақ дәреже тағайындастын түрлі тренингтерді ұсынады. ЖМСМ мұдделі тараптың ауқымды аудиториясына накты мәліметтерге негізделген ғылыми практикаға, денсаулық сақтау және басқару саясатына, қоғамдық кеңестерге, трансформациялық көшбасшылыққа, мемлекеттік саясатта мінез – құлықтық идеяларды қолдануды және саясатты әзірлеу негіздеріне арналған кәсіптік білім беру бағдарламаларын әзірлейді және ұсынады.

## ҒЫЛЫМИ ЗЕРТТЕУЛЕР

Зерттеулер – МСЖМ-нің елеулі серпіліске қолжеткізген салалардың бірі. Жарияланымдардың саны абсолюттік мәнінде артты, жарияланымдардың оқытушыға қатынасы сондай-ақ артты және жарияланымдардың сапасы жақсарды.

2013–2017 жж. МСЖМ-нің ғылыми зерттеу нәтижелері 17 есе артты. Бұл нәтиже МСЖМ-нің оқытушылар құрамы санының артуымен, сондай-ақ ОПҚ нәтижелілігін жақсартумен түсіндіріледі. 2014 жылы ОПҚ саны артқан соң МСЖМ оқытушылары 2015 жылы 15 мақала жариялады, ол бір оқытушыға 1,875 жарияланымға тең. 2017 жылы МСЖМ-нің 15 (тұрақты/шақырылған) оқытушысы 34 мақала жариялады немесе бір оқытушыға 2,27 жарияланым. Бұл нәтиже екі жылда 21 пайыздық жақсаруды көрсетіп отыр. Сондай-ақ МСЖМ жарияланымдарының сапасы артты. ЖМСМ барлық мақалалары рецензияланатын журналдарда жарық көреді, олардың көшпілігі Scopus немесе Web of Science индекстеледі және импакт –факторы жоғары.

НУ-дың 2030 жылға қарай қолжеткізуғе жоспарлаған мақсаттарына сәйкес МСЖМ өзінің ғылыми зерттеулерінің саны мен сапасын арттыруды жалғастыруды жоспарлап отыр.

## ҚЫЗМЕТТЕР

ЖМСМ өзін сервистік мектеп санайды, себебі ол оқыту және зерттеулер жүргізу міндеттерінен бөлек, НУ қоғамдастығына, университетке және мұдделі тараптардың кең аудиториясына кейін де қызмет етуді шамалайды.

ЖМСМ-нің пікірінше оның негізгі қызметінің нәтижелері және ұсынатын қызметтері «Қазақстан – 2050» стратегиясына сәйкес келеді, онда жеті басым бағыт аталған: мықты кадрлық базаны дамыту; энергия ресурстарын тиімді пайдалану; жасыл экономиканы дамыту; анағұрлым тиімді орталықтандырылған қалалық және өңірлік экономиканы құру; басқарудың анағұрлым қуатты және бағынышты механизмдері; экономиканы әртараптандыру; жаһандық және өңірлік интеграцияға көмек көрсету, және сонында маңыздылығы кем емес, институттарды құру.

ЖМСМ адам ресурстарды дамытуға қатысты, әсіресе мемлекеттік қызметте әртүрлі шеберлік кластарын, семинарлар және оқу сабактарын мемлекеттік қызметкерлерге өткізді. Соңғы жылдарда ЖМСМ осындағы бағдарламаларды көптеп жүргізуіді жоспарлап отыр. Әртүрлі мұдделі тараптар үшін шеберлік кластарды, семинарларды және кәсіптік білім беру бағдарламаларын ұйымдастыру, әзірлеу және жүргізуден бөлек ЖМСМ оқытушылары жергілікті министрліктерде үнемі семинар жүргізеді және Министрліктерге қажет болуы мүмкін сарапшылық білімін ұсынады. ЖМСМ оқытушылары заннама (Бас прокурордың кеңесі), мінез – құлық кодексі (Мемлекеттік қызмет және жемқорлықпен күрес агенттігі), зерттеулер мен тексеру (Нұр Отаның мемлекеттік саясат институты) бойынша сарапшылық қорытынды ұсынады. ЖМСМ профессорлары жаңа таңдалған депутаттарды енгізу бойынша бағдарламаға қатысты және Қазақстан Республикасы Президентінің жанында Мемлекеттік басқару академиясын бағалайды; сондай-ақ ЖМСМ НУ-дың алғашқы стратегиялық

мақсаттарына сәйкес басқа қазақстандық университеттердің оқытушылары үшін зерттеу жүргізу әдістері тақырыбына сабак жүргізді.

ЖМСМ-нің мұдделі тараптармен жұмыс жасауға берілген дәлелі – ЖМСМ оқытушыларының Мемлекеттік қызмет және жемқорлықпен күрес жөніндегі агенттігі құрған жемқорлықпен күресу бойынша заңнаманы жетілдіру бойынша жұмыс тобы; Астана қаласының әкімшілігімен әріптестік бойынша жұмыс тобы және Ұлттық экономика министрлігі құрған «Қазақстан – 2025» стратегиясы бойынша құрылған жұмыс топтары сияқты әртүрлі жұмыс топтарының мүшелері ретінде тағайындалуы. ЖМСМ оқытушылары Денсаулық сақтау министрлігінің Денсаулықты сақтауды дамытудың республикалық орталығының Қадағалау кеңесіне және Қазақстан Республикасының Жоғары сот кеңесінің Жаңғыру жөніндегі комиссияға тағайындалды.

## **БОЛАШАҚ БАҒЫТТАР**

Келесі бірнеше жылда ЖМСМ студенттер мен оқытушылардың контингентін, анағұрлым зерттеулерді жарияланымдарды арттыруды, Университет, қоғамға және түрлі тұлғаларға қызмет көрсетуді күтеді. Сондай-ақ ЖМСМ өз құзыреттілігін кеңейтуді және тереңдетуді жоспарлап отыр.

ЖМСМ стратегиялық жоспарына сәйкес жуық жеті жылда ЖМСМ оқытушыларының саны студенттердің үдеп келе жатқан контингентінің талаптарына сай болуы үшін жұмысқа орналасады деп күтілуде.

Оқытушылардың санын арттыру МСЖМ-ге жаңа бағыттарда, сондай-ақ жұмыс жасайтын оқытуши-профессорлар құрамының құзыреттігі шегінен шығатын мәселелері бойынша білім алу мүмкіндігін береді. Оқытушылардың санын арттыру сондай-ақ ЖМСМ-ге бірнеше стратегиялық салада құзыреттігін тереңдетуге және ұқсас зерттеу қызығушылықтары бар ғалымдардың шекті жиынтығын және Орталық Азияда мемлекеттік сектор және мемлекеттік қызмет реформасы, энергетикалық қауіпсіздік және табиғат ресурстарын басқару, экономиканы әртараптандыру және тұрақты дамудың стратегиялық салаларында өнірлік және жаһандық деңгейде озық білімі бар орталық ретінде таныту мүмкіндігін береді.

## **ИНТЕГРАЦИЯЛАНҒАН АКАДЕМИЯЛЫҚ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ ЖҮЙЕСІ ЖӘНЕ МЕДИЦИНА МЕКТЕБІ (ММ)**

Біздің табысқа жетуіміз және ұзақ мерзімді тұрақтылық үшін уақыт пен күшімізді салатын стратегиялық басымдықтарымыз бар, – бұлар:

**Адам капиталы** – біз ең дарынды профессорларды, қызметкерлерді және студенттерді жалдау және тұрақтандыру үшін қолайлы жағдай жасау. Біздің стратегия мансаптық дамуға, өмір бойы оқуға, кәсіпқойлыққа, жұмысқа қанағаттанушылық және бәсекеге қабілетті маралттау, жергілікті әлеуетті өсіру және НУ оқытушыларының, зерттеушілерінің және медициналық қызметкерлерінің қоғамдастығына лайықты тәрбие беруге бағытталады.

**Биомедициналық зерттеулер** – біз зертханалық зерттеу нәтижелерін емдеуді жаңа әдістерін және жаңа медициналық құралдарды әзірлеуге және диагностикалауға көшіруде көшбасшы болғымыз келеді. Бұл үшін түпкілікті ҚР-да адамдардың сауалатты өмір салтын ілгерілету және өмірін ұзарту мақсатында зерттеулерді, білім мен клиникалық практиканы интеграциялауды жалғастырамыз. Біздің басымдығымыз денсаулықтың интеграцияланған жүйесінің және елдегі денсаулық сақтау басымдықтарына сәйкес ауқымды пәнаралық бағдарламаларды дамыту болып табылады. Біздің күшіміз төрт «алыпқа» – заманауи медицинаның 4П принциптеріне

бағытталады: болжамдық, превентивтілік, партисипативтілік және дербестендіру. Электронды денсаулық сақтау медициналық – санитариялық көмекке қатысты қолданылатын цифрлық құралдарды қолдана отырып, пациенттерге өзінің әл-ауқаты үшін жауапкершілікті иелену және болжау, профилактика және емдеу жоспарында шешім қабылдайтын тұлға болу мүмкіндігін береді.

**Оқу және оқыту** – біз инновациялар енгізуді және қолданыстағы қасіптік бағдарламаларды медицина, мейірбике ісі және қоғамдық денсаулық сақтау салаларына түрлендіруді жалғастырамыз, сондай-ақ фармацевтикада, магистратурада және докторантурда деңгейінде спорттық медицинаға жаңа бағдарламаны әзірлеуді мақсат тұтамыз. Біз біздің ауруханаларда және зерттеу орталықтарында барлық медициналық қызметкерлер заманауи медицина практикасы үшін дағдылармен, білім және құзыреттермен жақсы жабдықталатындей тиімді оқыту және білім берудің мәдениетін құрғымыз келді. Біз ҚР басқа медициналық университеттерде оқыту мен дайындау модельдерімізді таратуды жалғастырамыз, бірақ олар жаһандық әсерін және халықаралық аспектін ерекшелейді.

**Пациенттерге және олардың отбасыларына бағдарланған күтім** – біз нақты мәліметтерге негізделген жоғары сапалы, қауіпсіз және тиімді пациенттерге және отбасыға күтім көрсетуде көшбасшы болғымыз келеді. Біздің ауруханаларда және клиникаларда пациенттер мен отбасылардың сөзі назарға алынады және өзіндік емдеуге тартылады. Пациенттер қажеттіліктерді, құндылықтарды және таңдауды көрсететіндей күтім дербестендіріледі. ИМ мамандардың командалық жұмысы негізінде және пациентке және оның отбасына оқу бағдарламаларының барлық деңгейінде (бакалавриат және жоғары оқу орнынан кейінгі білім) бағдарланған негізде медициналық көмек көрсету үшін дағдыларды, білімді және құзыреттерді алу интеграцияланады.

## NATIONAL LABORATORY ASTANA (NLA)

### МИССИЯ

- елдің өзекті ғылыми және технологиялық сын – қатерлеріне жауап беретін іргелі, пәнаралық және қолданбалы зерттеудер жүргізу.
- Қазақстанның экологиялық таза экономикалық және технологиялық дамытуды ілгерілетуге септігін тигізу және өзінің ғылыми зерттеулеріне, академиялық және клиникалық көшбасшыларға белгілі әлемдік санаттағы мекемесі болу.

### ПАЙЫМДАУЫ

- Елдің әлеуметтік – экономикалық дамуын жеделдету және жасыл экономикасы шеңберінде инновациялық жетістіктерді жылдамдату мақсатында озық, жоғары сапалы зерттеулер мен технологияларды құратын халықаралық танылған мекемесі болу.

### СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАСЫМДЫҚТАР

NLA жаратылыстану ғылымдары, энергетика және озық материалдардың ғылымы, жаһандық көршаған орта, геофизика және компьютерлік ғылымдар саласында зерттеулердің басым бағыттарында өзекті мәселелерді шешу үшін негізгі құралы болуы тиіс.

НУ екі мақсатқа жауап беруін қамтамасыз ету үшін NLA шолуын жүргізу процесінде: біріншіден, НУ қоғамдастығына интеграциялану. Екіншіден, Қазақстандағы және барлық әлемде басқа зертханалармен тығыз байланыс жасай отырып, ұлттық зертхана рөлін атқару. NLA – анағұрлым өзекті және жаһандық проблемаларды шешу үшін серпілісті салаларда

ғылыми жаңалықтар жасайтын бірегей материалдық-техникалық ресурстары және персоналы бар халықаралық деңгейдегі орталық.

NLA ғылыми басым бағыттары елдің әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі басымдықтарына, ҚР 2020 жылға дейінгі дамуының стратегиялық жоспарына сәйкес мына түрде анықталады:

- Мемлекеттік стратегиялық мега – жобаларды іске асыру мақсатында бірегей ғылыми және технологиялық базаны құру және дамыту мақсатында іргелі және қолданбалы зерттеулерді интеграциялау;
- Ғылымның жаңа салаларын әзірлеу, инновациялық технологияларды дамыту; қызметкерлерді кәсіптік дайындау, олар ұлттық қауіпсіздік пен бәсекеге қабілеттікі қамтамасыз етеді және елдің экономикалық өсуіне септігін тигізеді;
- Жаңа технологиялар, инфрақұрылым және жедел қызмет арқылы миссияны іске асыру үшін жағдай жасау;
- Ғылыми зерттеулерді коммерцияландырудың деңгейі жоғары ғылымның, техниканың және технологияның басым бағыттарын дамытуды қарқынды ету мақсатында мемлекеттік – жеке әріптестікті дамыту;
- Халықаралық әріптестік шеңберінде NLA ғылыми – техникалық өнімді дайындауға маманданған жетекші әлемдік ғылыми, академиялық орталықтардың, ұлттық лабораториялардың, компаниялардың тең құқықты әріптесі болуға ұмтылады.

## ИННОВАЦИЯЛЫҚ КЛАСТЕР

2012 жылдың қаңтар айында ҚР Президенті 2012 жылғы 27 қаңтардағы Қазақстан халқына жолдауында жаңа технологияларды беруге және құруға септігін тигізе отырып, НУ айналасында зияткерлік- инновациялық кластер құру қажеттігін атады. Бұл жағдай НУ-дың инновациялық әлеуетін құру және дамыту үшін негіз болды.

Елбасының тапсырмасын іске асыру үшін біз Astana Business Campus Инновациялық кластері (бұдан әрі- Кластер) инфрақұрылымының элементтерін жасадық. Олар НУ-да, сондай-ақ Коммерцияландыру оғисінде, Бизнес –инкубаторда, Технопарке және Тәжірибелік – эксперименттік цехта жұмыс жасады.

2013 жылдың 1 қаңтар күні Кластердің бір элементі ретінде Коммерцияландыру оғисі құрылды, оның мақсаты – коммерцияландыруға бағытталған жобаларды қолдау.

Сонымен бірге Коммерцияландыру оғисімен бірге өз жұмысын Бизнес- инкубатор да бастады, ол инновациялық жобаларға іске асуының бастапқы кезеңінде қолдау көрсетеді.

2016 жылдың қазан айында Бизнес –инкубатордың қолдауымен НУ-дың акселерациялық бағдарламасы – «ABC Quick Start» іске қосылды. Бұл бағдарламаның негізгі мақсаты перспективалық бизнес-идеяларды және әзірелемелерін іріктеу және қарқынды дамыту арқылы студенттерді, жас ғалымдардың және кәсіпкерлерді инновациялық дамыту болып табылады.

2014 жылы 18 маусым күні Кластердің элементі болып табылатын Технопарктің ресми ашылуы өтті. Оның негізгі міндеті – инновациялық компанияларды дамыту үшін қолайлы жағдай жасау. Технопарк – бұл бар Университеттің әріптестігі үшін құрылған бір платформа, оның мақсаты ғылыми зерттеулердің нәтижелерін коммерцияландыру және бірлескен қызмет үшін компанияларды тарту болып табылады.

Технопарктің аумағында өнертабыс өнімдерін дайындал шығару үшін жабдықталған Тәжірибелік –эксперименттік цех бар. 2015 жылдың қыркүйек айында Технопарк резиденттерінің жеті жобасының алғашқы шығарылымы. Бұл жерде сондай-ақ Энергияның жаңартылатын көздерінің тәжірибелік алаңы және Технопарк аумағындағы күн электр станциясы орналасқан.

Кластердің элементтерінің бірі Университетте жұмыс жасаған үш жылдың ішінде өзекті мәселелерді ерекшелеге және сабак алу, Кластерді ары қарай дамытудың негізгі мақсаты мен міндепті болуын шешу әдістерін анықтауда елеулі тәжірибе жинақтау болып табылады.

Кластерді дамыту жұмысы заманауи экономиканың факторлары мен сын – қатерлерін ескере отырып, жалғастырылады.

## С ҚОСЫМШАСЫ: ЕУРОПА УНИВЕРСИЕТТЕР ҚОҒАМДАСТЫҒЫНЫҢ ҰСЫНЫМДАРЫ

(EUA, European University Association) Институционалдық бағалау бағдарламасының шенберінде  
(IEP, Institutional Evaluation Programme)

### БАСҚАРУ ЖӘНЕ ИНСТИТУЦИОНАЛДЫҚ ШЕШІМ ҚАБЫЛДАУ БОЙЫНША

1. Көбіне шетелдік академиялық персонал мен жергілікті әкімшілік персоналдың және студенттердің арасындағы ахуалды ескере отырып, бір мақсатқа жетуге арналған университет секторларының бірлескен жұмыстарын қамтамасыз ету үшін процестер үнемі қайта қаралуы тиіс.
2. Стратегиялық әріптестермен әріптестік қарым-қатынасқа қажетті өзгерістер туралы келіссөздер жүргізу және талқылау.
3. НУ Ақпараттық қызмет жөніндегі жетекшісін (Chief Information Officer) жалдау бойынша жұмысын жалғастыру және университеттің студенттердің интегралды мәліметтер базасын қамтитын, жүйелі және жан-жақты ақпараттық жүйесін әзірлеу.
4. Оқытушылардың университет деңгейіндегі ОПҚ қызметінің барлық қолдау қызметтері туралы және қажет болған жағдайда олардың жетілдірүлөрі туралы хабардар болуын қамтамасыз ету.
5. Академиялық және әкімшілік қызметкерлер арасындағы бейресми, сонымен қатар ресми, ортақ ережелерді, қағида және рәсімдерді түсінуді кепілдендіру мақсатында, сонымен қатар бірлескен жұмыс рухын күшетту үшін құрылымдық өзара әрекеттесудің ішкі байланыс үрдісін жақсарту.
6. Әкімшілік үрдістер мен қатынастарды ұтымды ету және үйлестіру, НУ-ға орталық әкімшілік аппарат және мектеп деңгейіндегі келісіу мақсатында процестерді ары қарай қайта қараудың қажеттігін анықтау. Сонымен қатар, академиялық және әкімшілік құрам арасында шешім қабылдау бойынша өкілеттіктердің тәсіестіру мен әріптестіктің қолданыстағы механизмін қайта қарау. әрекет ететін әріптестік механизмін қайта қарау және қабылданған шешім бойынша өкілеттілігін тәсіестіру.
7. НУ-дың пайдасын арттыру үшін және университеттің мінсіз беделін қолдау үшін, жәрдемақыны және жеке қаржыландырудың басқа түрлерін іске асыру үшін айқын ережелер бекіту.

### САПА МӘДЕНИЕТІНІҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ БОЙЫНША

8. Сапаны жоғарлатудың жүйелі стратегиясын іске асыру бойынша ақпаратты талдау үшін институционалдық зерттеу тобын құру.
9. НУ жүйесіне сапа мәдениетін толыққанды біріктіру мақсатында сапаны жоғарылату жүйесін енгізуді жалғастыру. НУ және стратегияның ұстанымдарын іске асыруға, сондай-ақ осы мектептердің ерекшелігін, оның әдістері мен қажеттілігін, шектемей және сондай-ақ персоналға қосымша әкімшілік жүк салмай сапаның бірынғай түсінілуін қамтамасыз етеді.

10. Экімшілік, басқару, зерттеу және студенттік қызметтер сапасын жоғарылатуды сapanы жоғарылатудың орта жүйесіне біріктіру.
11. Еуропалық стандарттарды және Нұсқаулықты (ESG – European Standards and Guidelines) сапаны жоғарылатудың ішкі тәсімдемесіне жүйелі түрде енгізу.

## ОҚУ ЖӘНЕ ОҚЫТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ БОЙЫНША

12. ОПҚ үшін мансаптық өсудің мерзімсіз жалдамалы жұмыс шартын енгізу, оның ішінде академиялық қызметкерлердің және зерттеу мүмкіндіктерінің тұрақтылығын қамтамасыз ету мақсатында мерзімсіз жалға алу шартын алу мүмкіндігі.
13. Пәндердің және жарияланымдар практикасының арасындағы айырмашылықты ескере отырып, дидактикалық және қызметтік еңбегіне тең көңіл бөле отырып, ОПҚ мансаптық өрлеуінің қағидаттарын бекіту.
14. Соңғылары оқытушылық және зерттеу жұмыстарына бағытталуы үшін оқытушылардан екімшілік жүктеменің белгілі бөлігін ауыстыру үшін қосымша екімшілік қызметкөрсету мүмкіндігін тұрақтылығын анықтау.
15. Мектеп декандарына өз қалаулары бойынша қызметкерлерге грантты пайдалану мәселесінде көбірек дербестік беру.
16. Ишкі қызмет көрсетуден жүктеме бөлінетін және осылаша студенттерге екімшілік жүктемені азайтатын студенттерге арналған Бір сервистік орталық құру.
17. НУ магистранттарына және докторанттарына мансаптық өрлеу бойынша қызмет көрсету аясын кеңейту.

## ЗЕРТТЕУ ЖҮРГІЗУ МӘСЕЛЕЛЕРІ БОЙЫНША

18. Жергілікті екімшілік және шетелдік академиялық персонал арасында сенімді арттыру бойынша жұмыс жасау.
19. Синергияға жету мақсатында, сондай-ақ НУ қызметкерлері, магистранттары және доктаранттары үшін зерттеу мүмкіндіктерін кеңейту мақсатында НУ және ұлттық ғылыми орталықтар арасында байланыс қалай орнатылуы мүмкіндігін анықтау.
20. Пәнаралық зерттеулер, сонымен қатар мектептер, ғылыми-зерттеу институттары және зертханалар арасындағы әріптестік механизмін жүзеге асыратын тұрақты топтар құру, стратегия дайындау.
21. Бекітілген тәртіп аясында, бірақ олардан көбірек пайда алу мақсатында мемлекеттік емес көздерден бөлінген қаржылық зерттеу қорларын қолдануды женілдету.
22. Өтінімдерді (ғылыми) дайындау, қорларды құруда (кайта бөлуде) және т.б. жәрдемдесу мақсатында зерттеулерде қолдау қызметін кеңейту.
23. Зерттеулер бойынша өршіл жоспарларды енгізу үшін барлық күшті салу, мысалы, мықты зерттеу командасын немесе ғылыми қызметкерлерді тарту арқылы.
24. НУ тұлектерінің мансаптық жоспарларын кеңейту мақсатында, сондай-ақ қазақстандық және халықаралық PhD кандидаттарына және пост-докторанттарына НУ-дың

халықаралық зерттеу ортасында жұмыс істеу мүмкіндігін жасау үшін постдокторант позициясын және зерттеулер бойынша көмекші позициясын енгізу.

25. Жеке зерттеушілерді, зерттеу топтарын және жалпы университеттің қызметін қамтуы тиіс зерттеу стратегиясын енгізуге үшін кезеңдер мен индикаторларды анықтау.
26. НУ-да ALLEA («ALLEA Revised Code of Conduct for Research Integrity») ғылыми зерттеулердің тұтастығын қамтамасыз ету үшін мінез – құлықтың қайта қаралған кодексін енгізу.

## ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК МӘСЕЛЕЛЕРІ БОЙЫНША

27. Университеттің еріктілігін білдіретін, әлеуметтік саладағы қызметін жалғастыру.

# Д ҚОСЫМШАСЫ: ҚАЗАҚСТАНДЫҚ УНИВЕРСИТЕТТЕРДІҢ КЕЛЕШЕГІ

## I ТАРАУ: ЖОҒАРЫ БІЛІМ БЕРУДЕГІ АҒЫМДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР<sup>9</sup>

### 11 НЕГІЗГІ ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫ: БІЛІМ, ФЫЛЫМ ЖӘНЕ ӨНЕРКӘСІП АРАСЫНДАҒЫ БАЙЛАНЫСТЫ ҚҰРУ

Қазақстандағы жоғары білімнің қазіргі жүйесін қалыптастыратын негізгі стратегиялық құжат 2016–2019жж. Білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасы, сонымен бірге 2016–2019жж индустриялық-инновациялық дамудың мемлекеттік бағдарламасы болып табылады. Осы екі мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес Білім және ғылым министрлігі 11 негізді аймақтық жоғары оқу орындарын анықтады, олардың қызметі металлургия, мұнай және химия, азық-түлік өнеркәсібі, машина құрылышы және құрылыш материалдары саласындағы оқыту мен ғылыми зерттеулер жүргізуге бағытталған. Бұл университеттер көбірек қаржыландыруға ие болады, жақсы жабдықталған және жоғары білімнен кейінгі білім беру бағдарламасында академиялық еркіндікті тәжірибелейді.

2016 жылдан бастап университеттер сәйкес аймақтағы ірі өнеркәсіптік компанияларды бағдарламаны әзірлеуге және тұлектердің құзыреттілігін анықтауға белсенді түрде тартып отыр. Негізгі университеттердің жаңа білім беру бағдарламаларының мазмұнында «Қазақмыс», «Казцинк», «Арселор Миттал» (Теміртау), «Қазақстан ғарыш сапары», «Kazakhstan Engineering», «Казатомпром», «Минералдық ресурстарды кешенді қайта өңдеудің ұлттық орталығы» тәрізді ірі компаниялардың ұсыныстары бар. 24 бағдарлама ірі өнеркәсіптік компаниялардың ұсыныстары негізінде халықаралық әріптестермен бірлесе әзірленді.

11 негізгі университеттермен бірлесу халықаралық инженерлік қауымдастық-Инженерлік білімді аккредиттеу бойынша Еуропа желісімен (ENAE), Инженерлік білімнің Еуропалық қоғамымен (ASEE), сонымен қатар Инженерлік білімнің халықаралық федерациясымен (IFEES) ынтымактастықты ретке келтірді. Әріптестер университеттерге инженерлік және қолданбалы бағдарламаларға мамандандырылған тіркеу алуда көмектеседі деп үміттенеді.

Негізгі университеттерде қазіргі таңда 22 пәнаралық зертханалар жұмыс жасайды, олар жоғарыда көтерілген басым бағыттарда зерттеулер жүргізуде. Зертханалар саны 48 дейін жеткізіледі деп күтілуде. Бұл университеттерге іргелі және қолданбалы зерттеулер жүргізуге, сонымен бірге шарттық негізде практикалық ғылыми зерттеулер жүргізуге гранттық қаржыландыру алуға мүмкіндік береді. Университеттер Қазақстандағы 300 артық компаниялармен шарт жасады, бұл өз тұлектерін енбеккек орналастыру бастамасын жоғарылатады.

### ЗЕРТТЕУ УНИВЕРСИТЕТЕРІ

«Зерттеу университеті» тұжырымдамасы елдегі жоғары білімнің зерттеушілік және инновациялық әлеуетін арттыру үшін енгізілді. Ғылым және білім министрлігі зерттеу университеті ретінде 5–6 (125 ішінен) жоғары оқу орнын бөлуді жоспарлап отыр. Қазіргі сэтте зерттеуші университет мәртебесі НҰ және К. Сәтбаев атындағы Қазақ Ұлттық техникалық университетіне берілген. Бұл ЖОО ғылым және инновациялар ретінде қарастырылады және мемлекеттік ғылыми-зерттеу гранттарының үлкен үлесін алады.

<sup>9</sup> Кішкентаева Марина әзірледі

Бұл кезеңде ұлттық зерттеу университеті мәртебесін алуға басқа да үміткерлер тұр: Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Қарағанды мемлекеттік университеті, бұлардың бастапқы екеуі осы бағытта үлкен жұмыс атқарды және 2016 жылы 236 және 345 орынға жайғаса отырып, QS университеттерінің халықаралық рейтингіне кірді.

Зерттеу университеттері күштерін сонымен бірге инновациялық кластерлер-технопарктарді, бизнес-инкубаторларды құруға, технологияларды, венчурлық қорларды, инженерлік орталықтарды тиісті өнеркәсіптік компаниялармен тығыз байланыс жасау арқылы коммерцияландыруға мен өткізуге бағытталады.

НУ технопаркінен басқа да қазақстандық ЖОО З технопарк құрылды: біреуі Сәтпаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университетінде. Басқа екеуі Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті мен Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік техникалық университетінде. Университеттер сонымен бірге бизнес-инкубаторлар мен коммерцияландыру бойынша кенселер ашты.

## **ИНСТИТУЦИОНАЛДЫҚ ДЕРБЕСТІК**

2014 жылдан бастап Қазақстанның барлық мемлекеттік университеттерінде институционалдық өзгерістер жүргізілуде. 2016–2019 жж білімді дамытудың мемлекеттік бағдарламасына орай мемлекеттік ЖОО 50% НУ үлгісіне сәйкес дамитын болады және біртіндеп академиялық еркіндік және институционалдық дербестік алады; сонымен бірге бағдарлама халықаралық аккредиттеуден табысты өткен университеттерге толық академиялық еркіндік пен институционалдық автономия ұсынылатындығын анықтайды.

Бағдарлама сонымен қатар 2019 жылға қарай елдегі мемлекеттік университеттердің 95% корпоративтік басқару жүйесі енгізілетіндігін анықтайды. Қазіргі уақытта мемлекеттік ЖОО іскеり орта өкілдерінен, жергілікті билік органдары мен жергілікті қоғам өкілдерінен құралған қадағалау кеңестері құрылды. Қадағалау кеңестерін құру ЖОО-лардың институционалдық дербестікке бірінші қадамы болды, бұдан әрі корпоративтік басқаруды қүшешту басты міндет болып қойылды. Университеттерге ықтимал құқықтық, үйымдастырушылық немесе мәдени кедергілерді қысқарту арқылы шешім қабылдаудың алқалық үрдісіне оқытушылардың қатысуын арттыру қажет болады (Хартли және басқалары (2015))

Реформалар сонымен бірге есептіліктің жаңа жүйесін енгізуге ықпал етті. 2016 жылдан бастап ректордың жұмысы тиімділіктің түйінді көрсеткіштері негізінде бағаланады. Университет ректоры қоғам алдында университет қызметі туралы жыл сайын есеп беруі қажет.

Сонымен бірге университеттерге жекеменшік эндаумент қорлар құру құқығы берілетін болады. 2010 жылдан бастап бірінші эндаумент қор НУ құрылды. 2012 жылы Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті түлектермен қаржыландырылған өзіндік эндаумент қорын құрды (Хартли және басқалары (2015)).

## **НУ-ДЫҢ ЖОҒАРЫ БІЛІМДІ ДАМЫТУҒА ҚОСҚАН ҮЛЕСІ**

Құрылған сәттен бастап НУ Қазақстандағы білімді реформалаудың ауқымды бағдарламасының бөлігі ретінде қызмет етеді, оның жоғары білімнің қолданыстағы ортасын қалыптастырудығы рөлі маңызды болып табылады. НУ табысты тәжірибесін тарату тренингтер, семинарлар, шебер кластар ретінде, сонымен бірге Жоғары білім Көшбасшыларының Еуразиялық Форумында, бірлескен зерттеу жобалары шенберінде тұрақты тұрде өткізіліп отырады. 2013–2016 жылдар аралығында Қазақстанның 34 ұлттық және аймақтық ЖОО 300 артық басшылары мен орта топ менеджерлері тренингтерге қатысты, бұл тренингтердің басты

мақсаты жоғары білімді трансформацияның кешенді үрдісімен басқаруға, институционалдық дербестікке ауысу кезінде болатын жүйелі және институционалдық өзгерістерді түсінуге ықпал ету болып табылады.

Қазақстан Республикасы Ғылым және білім министрлігінің бастамасына қолдау таныту мақсатында (FBM) білім беру жүйесін оңтайландыру бойынша ЖББМ халықаралық сарапшылармен және Кембридж университетінің және Пенсильвания Университетінің профессорларымен бірлесе отырып, 2015–2020 жылдарға Қазақстандағы Білім беруді дамытудың жол картасын әзірледі. «Жол картасының» ұсыныстары жаңа 2016–2019жж Білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасында көрініс берді.


## **II ТАРАУ. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЖОҒАРЫ БІЛІМНІҢ БОЛАШАҚТАҒЫ ОРТАСЫ**

Оң сценарий барысында – 2020 жылға қарай НУ жоғары білім беру флагманы болуын жалғастырады; зерттеу университеттері және елдегі 11 негізгі университет НУ даму үлгісін жалғастыратын болады. Мемлекеттік университеттердің бір бөлігі халықаралық деңгейде аккредиттегеннен кейін институционалдық дербестікке ие болатын болады және мемлекеттік тәрізді жекеменшік университеттердің барлығы дерлік корпоративтік басқару жүйесін құратын болады. Кем дегенде 2 университет 2020 жылға қарай QS World University Ranking рейтингіндегі үздік университеттер қатарына кіреді деп күтілуде. 2020 жылдан кейін НУ бұрынғысынша жоғарғы білімды дамыту сарынын тапсыратын ұлттық ресурс ретінде ұсынылатын болады.

Әлемдегі болашақ университеттер қалай көрініс беретіндігі жөнінде әртүрлі пікірлер бар, жоғарғы білім ландшафты неғұрлым күрделі және белгісіз болып келеді.

Кейбір зерттеушілер дәстүрлі үлгідегі университеттер болашақта жоғалып кетеді, топтар мен департаменттер болмайды, білім неғұрлым дербестендірілген болады, ал оқыту барлық өмір бойына жоғары білімнің негізгі қағидасы болып қалады деп болжам айтады. Студентке жоғарғы білім алу үшін аз уақыт талап етіледі.

### **Жоғары білімнің болашақтағы демографиялық көрінісі**



Дереккөз: ЭӘДҮ (2010)

Университеттердің көптеген басшылары мен зерттеушілері университеттер бұрынғысынша білім мен ғылым генераторы болатындығы және пәнаралық және аналитикалық көзқарасқа қолдау табатындығымен келіседі. Академиктер бұрынғысынша студенттерді оқыту мен ғылыми зерттеулер жүргізу үшін қажет болады. Университеттің міндеті технологиялар мен

адами өзара байланыстар арасындағы дұрыс теңгерім қандай болатындығын анықтаудан құралады (Times Higher Education, 2015).

#### ӘДЕБЕЙТЕР ТІЗІМІ:

1. 2016–2019жж. Білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасы;
2. 2016–2019жж индустримальық-инновациялық дамудың мемлекеттік бағдарламасы
3. ҚР Ғылым және білім министрлігі (2015) «Білім жүйесінің дамуы туралы жыл сайынғы есеп»
4. М. Хартли, Б. Гопал, Аида Сагынтаева (2015) «Learning autonomy: higher education reform in Kazakhstan» «Дербес зерттеу: Қазақстандағы жоғары білім реформасы «
5. Times Higher Education (2015) «Керемет болашақ: 2030 жылы университеттер қандай болады?» <https://www.timeshighereducation.com/features/what-will-universities-look-like-in-2030-future-perfect>;
6. OECD (2010) <http://www.slideshare.net/OECDEDU/oecd-mihaylo-porto-alegre-final>.

## Е ҚОСЫМШАСЫ: ДЖАМИЛЬ САЛМИДІҢ ЖІКТЕУІ БОЙЫНША «ТҰЗАҚТАР»<sup>10</sup>

1. Тамаша кампус құрылымынан ғажайып күту.
2. Объектілер құрылыштан кейін оқу бағдарламаларын құру
3. Сырттан білім беру мазмұнын импорттау.
4. ЭӘДҰ елдерінің үлгісі эко жүйесін ұстана отырып жоспарлау, алайда жоспарларды ауыр жергілікті жағдайда жүзеге асыру
5. Басқарушы органдарды қалыптастыру мен басшылық құрамын тағайындауды созу.
6. Басқарушы органдарлы саяси тағайындаушылармен толтыру.
7. Алдағы капиталдық шығындарды жоспарлау, алайда ұзақмерзімдік қаржы тұрақтылығы туралы оайламау.
8. Дұрыс емес себеппен біріктіруді жүзеге асыру.
9. Дамудың сандық көрсеткіштерінде тым өршіл болу.
10. Барлығы 18 айдың ішінде орындалады деп ойлау.
11. Жергілікті әлеуетті құрусыз шетелдік ғылымдарға айрықша сүйену.
12. Шетелдік студенттерді біріктіруді ескермеу.
13. Жергілікті ерекшелікті ескермей ғаламдық зерттеу сахнасына шоғырландыру.
14. Рейтингтерде женіп шығушы болу.

---

<sup>10</sup> Джамиль Салми (Jamil Salmi) – жоғары білім саласындағы халықаралық сарапшы, «Создание университетов мирового класса» (Challenge of Establishing World-Class Universities), «Академиялық кемелдікке баратын жол. Әлемдік санаттағы зерттеу университеттерінің қалыптастасуы» (The Road to Academic Excellence: the Making of World-Class Research Universities) кітаптарының авторы.

## F ҚОСЫМШАСЫ: ИНТЕРНАЦИОНАЛДАНДЫРУ

«Интернационалдандыру ұлттық және салалық, институционалдық деңгейде жоғарғы білім және оны қамтамасыз ету мақсаттары мен қызметінде халықаралық, мәдениет аралық, ғаламдық аспектілерді енгізу үрдісі ретінде анықталады»

(Джейн Найт, 2015)

Қазіргі таңдағы әлемді жаһандандыру мен экономиканың өзара байланысты қаржылары, сауда және информациалық технологиялар ғана емес, сонымен бірге білім мен дағдылар да шекараны қызып отыр. Бұғаңде 5 млн шамасындағы студент шетелде оқиды, бұл 10 жыл бұрынғымен салыстырғанда 2,1 млн студентке артық. Сонымен бірге барлық шетелдік студенттердің 82% Үлкен жиырмалық елдерінің білім беру мекемелеріне оқуға алынған (G20)<sup>11</sup>.

Барлық әлемде жоғарғы оқу орындары арасында талантты студенттер, профессорлар, әкімшілік қызметкерлер және қаржы ресурстары арасында бәсекелестік өсіп келеді. Ашық және динамикалық орталы университеттер мәдени алмасуда, идеялар айналымында, сонымен бірге интернационалдық аралықта және пәнаралық ынтымақтастықта және бірлескен ғылыми зерттеулер жүргізуде басты рөл атқарады.

Осылайша интернационалдандыру маңыздылығы халықаралық практиканы назарға ала отырып және сәйкес білім беруді, ғылыми базаны және басқа да ілеспе қызметтерді қамтамасыз ете отырып тұрақты түрде ауысып отыратын жергілікті және жаһандық ортамен тығыз байланысты болу қажеттілігімен түсіндіріледі. Осындай ортаны қалай құру және ол үшін не жасау және қалай дамыту туралы сұрап?

Анықтамалардың бірі «интернационалдандыру-университет қызметінің оқу үрдісі, зерттеу жұмыстарын жүргізу және қызметтер ұсыну тәрізді саладағы халықаралық/мәдениетаралық аспектілерін енгізу үрдісі болып табылады<sup>12</sup>.

Филип Альтбахтың айтуына сәйкес интернационалдандыру университет стратегиясы ретінде «жаһандандыруға негізделген көптеген талаптардың жауап реакциясында және жаһандандырылған әлемге мамандар дайындағы жоғарғы білім берудің бір жолы ретінде» көрініс береді<sup>13</sup>.

НУ интернационалдандыру студенттер мен оқытушы-профессорлар құрамының ұтқырлығымен шектелмейді, ол академиялық, зерттеушілік және инновациялық қызмет, әкімшілік көшбасшылық, халықаралық ынтымақтастық, ғаламдық байланыстар мен бәсекеге қабілеттілік, интернационалдандырылған және өзекті оқу жоспары мен зерттеулер, қажетті тілдік дағдылар, салалық және аймақтық сараптама, НУ халықаралық білім және зерттеу сахнасына жылжыту, НУ сапасын халықаралық деңгейте мойындау және шетелдік студенттер мен профессорларды тарту, сонымен қатар басқару, кампус ортасын, қолдау таныту қызметін және ережелер мен саясатты реттеу тәрізді салаларды қамтиды.

Студенттер үшін интернационалдандыру олардың әлемдік еңбек нарығындағы бәсекеге қабілеттілігі, халықаралық мәселелер мен әлемдік мәселелерді түсінуінде, халықаралық және мәдениет аралық ортадағы ынтымақтастығында, қажетті білімге ие бола отырып және

<sup>11</sup> ICEFBerlin 2015 Workshop журнал, 43 бет

<sup>12</sup> Knight, J. (1994) Интернационалдандыру: элементтер және бақылау-өткізу пункттері. Канадалық халықаралық білім беру, Оттава.

<sup>13</sup> «Жаһандық жоғары білім беру саласындағы тенденциялар. Қадағалау және академиялық революция». Филипп Альтбах, Лиз Рейсберг және Лаура Э. Рамбле. Sense Publishers, UNESCO Publishing 2010. 23–24 бет

елдер мен аймақтарды түсіне отырып, шетел тілдерін, кәсіптік дағдыларды және өзінің мамандығы саласындағы жаңа технологияларды менгеруінде көрініс береді.

Сонымен бірге дамудың ағымдағы кезеңін және қолда бар ресурстарды ескере отырып, алдағы жылдарға келесі қадам ретінде интернационалдандыруға жан-жақты, жүйелі және жеке тұрғыдан қарau және НУ біr мезгілде даму ұсынылады.

### ИНТЕРНАЦИОНАЛДАНДЫРУ КӨРІНІСІ

«Еуразияда орналасқан оқыту, зерттеу және инновациялар үшін таңдау университеті болып табылатын жетекші және жаһандық бірлестірілген университет»

### ИНТЕРНАЦИОНАЛДАНДЫРУДЫҢ БАСЫМ БАҒЫТТАРЫ

1. Интернационалдандыру басқару және оның құрылымдарының жүйесі.
2. Стратегиялық әріптестермен өзара байланыс жасау.
3. Университет және академиялық ұтқырлық конитингенті халықаралық әртараптандырудың жылжусы.
4. Оқу бағдарламасындағы интернационалдандыру.
5. Фылыми зерттеулер саласындағы ынтымақтастықты нығайту.
6. Бәсекеге қабілеттілікті қалыптастыру және үздіксіз халықаралық бенчмаркинг.

### 2017 ЖЫЛДАН БЕРГІ НУ ИНТЕРНАЦИОНАЛДАНДЫРУ БОЙЫНША АТҚАРЫЛҒАН ЖҰМЫСТАР ЕСЕБІ

Интернационалдандырудың келесі аспектілерімен жұмыс 2017 жылдан басталды:

1. Басқару жүйесін және оның құрылымын интернационалдандыру:
  - НУ қамқоршылық кеңесі 2 жаңа халықаралық мүшелермен толықтырылды және 2017 жылғы мамыр айындағы жағдайға орай 50% халықаралық мүшелер құрап отыр;
  - Қамқоршылық кеңесі барысындағы Интернационалдандыру комитеті 2017 жылғы 17 қаңтарда құрылды;
  - Университеттің мектеп кеңестері Жоғарғы бизнес мектебі Халықаралық сараптау кеңесін құрған кезде халықаралық қызметкерлермен ұсынылды.
2. Стратегиялық әріптестермен байланысты нығайту және өзара байланыс жасау:
  - Университеттің стратегиялық әріптестермен қолданыстағы байланыстар келесі кезеңге, оның ішінде студенттермен академиялық алмасудың дамуы кезеңіне өтеді;
  - НУ Азияның университеттер альянсының мүшесі және ортақ құрылтайшысы болды: 2017 жылы Азия университеттерінің альянсы және 2016 жылы Жібек жолы университетінің альянсы;
  - НУ кәсіптік қауымдастыққа ену бойынша жұмысын жалғастыруда және қазіргі уақытта 25 кәсіптік қауымдастыққа кіреді. AIEA (Халықаралық білім әкімшілері қауымдастыры) EAIE (Еуропалық халықаралық білім қауымдастыры), IAU (Университеттердің халықаралық қауымдастыры) және т.б. тәрізді халықаралық білімнің жетекші аймақтық қауымдастырының көмегімен тәжірибе алmasу басталды.

3. Университет контингентін және академиялық ұтқырлықты халықаралық әртаратандырудың ілгерілеуі (2018 жылғы тамыздағы жағдай бойынша):
  - НУ ОПҚ-ның 75%-ы 55 елдің халықаралық оқытушылары болып табылады;
  - 18 елден 35 шетелдік студент;
  - 2017 жылы 5 жазғы мектеп және 2018 жылы 8 жазғы мектеп ұйымдастырылды;
  - стратегиялық әріптестермен студенттердің алмасуы біртіндеп артып келеді және Erasmus +шешеберінде басқа әріптестермен келіссөздер жүргізіліп жатыр;
  - Халықаралық студенттер рекрутингі бойынша команда құрылды;
  - НУ брендінің ілгерілету, көрмелерге қатысу, халықаралық деңгейде БАҚ жұмыстарын кеңейту;
  - 8 халықаралық түлектер қауымдастыры құрылды;
4. Оқу бағдарламасын интернационалдандыру:
  - Оқу бағдарламасына жыл сайын өзгерістерге шолу және салыстырмалы талдау жасалады;
  - Аккредиттеу халықаралық бағдарламасына әзірлік жүріп жатыр;
  - Бакалавриатқа арналған негізгі оқу бағдарламасы енгізілді (негізгі білім).
5. Ғылыми зерттеулер саласындағы ынтымақтастықты нығайту (2018 жылғы тамыздағы жағдай бойынша):
  - НУ зерттеушілері 350 артық халықаралық ұйымдармен бірлесе жұмыс жасайды;
  - НУ халықаралық ғылыми-зерттеу ынтымақтастыры бойынша ТМД 1 номірлі болып табылады (НУ 71 жарияланымы);
  - НУ зерттеушілері 712 халықаралық ұйымдармен ынтымақтастықта болды.
  - Халықаралық бірлескен авторлықпен 852 ғылыми мақала жарияланды.
6. Бәсекеге қабілеттілікті қалыптастыру және үздіксіз халықаралық бенчмаркинг:
  - тілдерді оқыту және аймақтану саласындағы сараптамалық әлеуетті дамыту (Еуразия зерттеулеріндегі магистратура, Орыс тілін және Еуразияны оқытудағы жазғы мектеп);
  - 2017 жылғы тамыз айында Еуропа университеттерінің қауымдастыры Интернационалдық бағалауға шолу жасады;

Болашақта НУ Интернационалдандырудың басым бағыттарына қолдау таныту және дамыту бойынша күш салады және шараларды жүйелі түрде қолданып отырады.

